

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**1-СЫНЫПТАРДА «ФРАНЦУЗ ТІЛІ», «НЕМІС ТІЛІ» ОҚУ ПӘНДЕРІ
ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОӘК АПРОБАЦИЯ
МОНИТОРИНГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИТОГАМ МОНИТОРИНГА АПРОБАЦИИ УЧЕБНИКОВ И УМК
ПО УЧЕБНЫМ ПРЕДМЕТАМ «ФРАНЦУЗСКИЙ ЯЗЫК»,
«НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК» В 1-Х КЛАССАХ**

**Нұр-Сұлтан
2020**

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды.
(2020 жылғы 11 маусымдағы № 5 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 5 от 11 июня 2020 года)

1-сыныптарда «Француз тілі», «Неміс тілі» оқу пәндері оқулықтары мен ОӘК апробация мониторингі қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 176 б.

Методические рекомендации по итогам мониторинга апробации учебников и УМК по учебным предметам «Французский язык», «Немецкий язык» в 1-х классах – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 176 с.

Талдау материалдары еліміздегі пилоттық мектептердің 1-сыныптарында «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізу мониторингінің механизмдері мен рәсімдерін ұсынады.

Жинақта апробация нәтижелерін талдауы, сондай-ақ педагогтерге жүргізілген онлайн-сауалнама қорытындылары ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтерге арналған.

Аналитический материал представляет механизмы и процедуры мониторинга проведения апробации в 1-х классах пилотных школ страны учебников и учебно-методических комплексов по учебным предметам «Немецкий язык», «Французский язык».

В сборнике представлен анализ результатов апробации, а также итоги онлайн-опроса педагогов.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций среднего образования, педагогам.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2020

КІРІСПЕ

Қазақстандағы тіл саясатының мақсаты – республиканың әлемдік қоғамдастыққа кірігуі және соның салдарынан ғылымның, экономиканың және елдің әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігінің көтерілуі.

Көптілді оқытуды енгізудегі білім беруді жаңғыртудың негізгі мақсаты – оқыту сапасын жақсарту, білімге қол жетімділікті арттыру, ақпараттық кеңістікте бағдарланатын тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанның қазіргі даму жағдайында еліміздің болашағы білім беру жүйесінің прогресіне едәуір шамада тәуелді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев өз Жолдауында: «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр», - деп атап өтті. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы ең жоғары табысқа, егер білім беру саясатына қойылған барлық бағдарламалық қондырғылар әлемдік тәжірибе жинақтаған оң әлеуеттен барынша мүмкін болатын әлеуетті жинай алатын болса ғана қол жеткізуге болады.

Тілдік жаңғырту саясаты Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында 6.7 «Тілдік жаңғырту» бастамасында айқындалған. Онда «Шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйрету мүмкіндіктерімен халықты барынша мол қамту қамтамасыз етіледі», - деп көрсетілген.

Жұмыстың өзектілігі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің апробациясы мониторингінің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарында 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-да анықталғандай, білім алушылардың «Неміс тілі» және «Француз тілі» шет тілдерін үйренуіне мүмкіндіктің берілуі болып табылады.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «негізгі құзыреттілік ретінде үш тілде білім алушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды» - деген міндет айқын көрсетілген, өйткені жаңартылған білім мазмұнындағы Үлгілік оқу бағдарламаларының инварианттық компонентіндегі «Ағылшын тілі» оқу пәні, «Шетел тілі» деп ауыстырылған, бұл жалпы білім беру ұйымдарына, сондай-ақ білім алушыларға шетел тілдерін (ағылшын, неміс, француз тілдерін) үйренуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Президент халыққа жолдауында «Тағы бір өзекті мәселе. Бұл – **оқулық сапасының төмендігі**. Білім алушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету – тиісті министрліктің тікелей міндеті», - деп атап өтті.

Жұмыстың мақсаты өңірлердегі пилоттық мектептердің 1-сыныптарында «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізуге мониторинг

жүргізу және мониторингтік зерттеу қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Педагогикадағы мониторинг педагогикалық жүйенің қызметі туралы ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және таратуды ұйымдастыру формасы ретінде әрекет етеді, сонымен қатар оның жағдайы мен педагогикалық жүйелердің дамуын болжауды үздіксіз зерттеуді қамтамасыз етеді, оның міндеттерінің бірі процесті сипаттай алатын көрсеткіштерді бөлу және пайымдау болып табылады, сондай-ақ мониторингтің әдіснамалық тамыры болып табылатын педагогикалық бақылау және педагогикалық талдау функцияларымен өзара байланысын көруге болад.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында 1-сынып білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескеру қажет, өйткені олардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері талдау және синтездеу кезінде ескерілуі тиіс.

Осылайша, пилоттық мектептердің 1-сыныптарында жоғарыда көрсетілген пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу қорытындыларының мониторингі тұтас дербес ғылыми-практикалық феномен ретінде сипатталады. Жүргізілген мониторинг шеңберінде оқулықтар мен ОӘК мазмұнын анықтау және бағалау жүргізіледі, бұл ретте педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелерінің оның түпкі мақсаттарына сәйкестігі туралы хабардар ететін кері байланыс қамтамасыз етіледі.

1 МОНИТОРИНГТІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2019-2020 оқу жылында облыстың және Республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларының бұйрықтары негізінде елдің 11 өңірінің 1-сыныптарында «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды (1-кесте).

1-кесте. Облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың тізімі және пилоттық жобаға қатысатын мектептер саны

№	Өңірдің атауы	Мектептер саны
1	Нұр-Сұлтан қ.	2
2	Шымкент қ.	2
3	Ақтөбе облысы	1
4	Атырау облысы	1
5	Шығыс Қазақстан облысы	2
6	Жамбыл облысы	2
7	Батыс Қазақстан облысы	1
8	Қарағанды облысы	1
9	Қостанай облысы	3
10	Павлодар облысы	1
11	Нұр-Сұлтан қ.	2
	11 өңір	18 мектеп

Кестеге сәйкес барлығы 18 мектеп анықталды. Бірінші жылғы сынақ нәтижесінің қорытындысы бойынша апробацияға мониторинг жүргізілді.

Мониторинг (англ. Monitoring – бақылауды жүзеге асыру, қадағалау) – динамикалық бақылау, аналитикалық бағалау және тұтас жүйенің жай-күйін болжау кешені.

Мониторингтік зерттеудің мақсаты пилоттық мектептердің нақты білім беру процесі жағдайында оқулықтар мен ОӘК мазмұнының сапасы мен тиімділігін бағалау және еліміздің барлық орта білім беру ұйымдарына енгізу үшін оларды одан әрі жетілдіру болып табылады. Мониторинг кері байланыс қағидатын сақтауды қамтамасыз етеді және мониторинг қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдарды іске асыруды көздейді.

Зерттеу объектісі – «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері 1-сыныптан бастап инвариантты компоненттегі бірінші шет тілі ретінде оқытылатын жалпы білім беретін пилоттық мектептер.

Зерттеу пәні (предмет исследования) - 1-сыныптарда жоғарыда көрсетілген оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробация материалдарын зерттеу және талдау

Қойылған мақсатқа жету үшін мониторингтік зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

- мониторинг құралдарын дайындау;

- ақпарат жинау;
- алғашқы ақпараттарды талдау және мәліметтерді жинақтау, жалпылау, жіктеу үшін компьютерлік негізді әзірлеу;
- деректер базасына ақпаратты енгізу, өңдеу және түзету;
- ақпараттың бастапқы талдауын жүзеге асыру, ақпаратты жіктеу;
- оқулықтар мен ОӘК апробациясының негізгі үрдістерін анықтау;
- әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Мониторинг рәсімі:

1. Дайындық кезеңі – мониторингтің индикаторлары мен көрсеткіштерін дайындау, зерттеу көлемін анықтау (білім алушылар мен педагогтердің сандық және сапалық құрамы, өлшеу жүргізу уақыты және олардың саны), диагностикалық құралдарды, ақпаратты жинақтау үшін материалдарды зерттеу әдістері мен нысандарын таңдау (сауалнамалар дайындау, технологиялық карталарды құру);

2. Диагностикалық тексеру жүргізу, деректерді өңдеу және түсіндіру;

3. Қорытынды кезең – әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, келесі диагностикалық зерттеулерді жоспарлау және болжау.

Мониторингтік зерттеу индикаторлары:

✚ 1-сыныптарда «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерін оқытатын пән мұғалімдерінің сауалнамалық мәліметтерінің сипаттамасы;

✚ 1-сынып оқушылары үшін ұсынылған «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттарының сипаттамасы;

✚ 1-сынып білім алушыларына арналған жаңартылған білім беру мазмұнындағы «Неміс тілі», «Француз тілі» оқулықтарының сипаттамасы;

✚ 1-сынып білім алушыларына арналған жаңартылған білім беру мазмұнындағы «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу-әдістемелік кешендерінің сипаттамасы;

✚ «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндері бойынша 1-сынып білім алушыларын критериялы бағалау сипаттамасы;

Мониторингтік зерттеулерді жүргізуге төменде аталған бәләм беру ұйымдарының қызметкерлері қатысты:

✓ «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндерінен сабақ беретін пән мұғалімдері. Олардың функцияларына сауалнамаға қатысу арқылы мониторинг индикаторлары бойынша шынайы және уақтылы ақпаратты қамтамасыз ету кірді;

✓ «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациялау мәселелерін мектептің педагогикалық кеңесінде және ата-аналар жиналыстарында талқылау мәселелері туралы, апробация қорытындысы бойынша есеп дайындайтын директордың оқу ісі бойынша орынбасарлары;

✓ мониторингте жалпы басшылықты жүзеге асыру, мониторингтің барлық кезеңдерінің міндеттерін анықтау, мониторингтің технологиялық карталарын, сауалнамаларды дайындау, сондай-ақ алынған деректерді талдау

бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері қатысты. Бұдан басқа, академия қызметкерлерінің жұмысына әдістемелік көмек көрсету, оқулықтарды, ОӘК, бағалау жүйесіне апробация жүргізу барысында анықталған мәселелерді жою үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу кірді.

Мониторингтің негізгі түрлеріне:

- оқулықтарды апробациялау мониторингі;
- оқу-әдістемелік кешендерді апробациялау мониторингі;
- оқулықтар мен ОӘК Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестік мониторингі;
- педагогтердің сапалық құрамының мониторингі;
- білім алушыларды бағалау мониторингі жатады.

Қазақстан аумағында жарияланған төтенше жағдайға байланысты пилоттық мектептерге сапарлар болған жоқ, сондықтан материалдар жинау және мониторинг нәтижелерін талдау пилоттық мектептерден алынған мәліметтер негізінде жүргізілді.

Сауалнама арқылы педагогтердің, білім алушылардың, ата-аналардың және мектеп әкімшілігінің оқулықтар, ОӘК сапасы, бағалау бойынша нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдар туралы пікірі, сондай-ақ апробация барысында мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдерді қолдау деңгейі анықталды.

Алынған мәліметтерге сәйкес оқулықтар мен ОӘК мазмұнына өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады.

Осылайша, оқулықтар мен ОӘК апробация мониторингі тұтас дербес ғылыми-практикалық феномен ретінде сипатталады.

Жүргізілген мониторинг шеңберінде барлық педагогикалық іс-әрекеттерді анықтау және бағалау жүргізіледі, бұл ретте педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелерінің оның түпкі мақсаттарына сәйкестігі туралы хабардар ететін кері байланыс қамтамасыз етіледі.

2 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ 1-СЫНЫПТАРЫНДА «ФРАНЦУЗ ТІЛІ», «НЕМІС ТІЛІ» ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК-НІҢ АПРОБАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2.1 «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысушылардың сапалық құрамын талдау

Жоғарыда айтылғандай, тілдерді жаңғырту саясаты Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының бастамасымен анықталған, ол халықтың шет тілдерін үйрену мүмкіндіктерімен барынша қамтылуынан тұрады. Тіл саясатын жүзеге асыру үшін еліміздің мектептерінде білім алушылар мен олардың ата-аналарының қалауы бойынша педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес ағылшын, неміс және француз шет тілдері оқытылады.

2019-2020 оқу жылында республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларының және облыстық білім басқармаларының бұйрығына сәйкес «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізудің пилоттық жобасына бірқатар мектептер қатысты (2.1.1-кесте).

2.1.1-кесте. «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысқан өңірлер тізімі және мектептердің, сыныптардың, білім алушылар мен педагогтердің саны.

№	Өңірлер атауы	Мектеп саны	Сыныптар саны	Педагогтер саны	Білім алушылар саны
1	Нұр-Сұлтан қ.	2	4	3	110
2	Шымкент қ.	2	3	2	100
3	Ақтөбе облысы	1	2	2	54
4	Атырау облысы	1	1	1	26
5	Шығыс Қазақстан облысы	2	3	3	85
6	Жамбыл облысы	2	2	2	53
7	Батыс Қазақстан облысы	1	2	1	63
8	Қарағанды облысы	1	4	1	49
9	Қостанай облысы	3	4	5	80
10	Павлодар облысы	1	1	2	30
11	Солтүстік Қазақстан облысы	2	3	3	47
	Барлығы:	18	29	25	697

Кестеде көрсетілген көрсекіштер бойынша:

- пилоттық жобаға барлығы 11 өңір қатысқан, оның ішінде 9 облыс, 2 республикалық маңызы бар қала.
- апробацияға барлығы 18 мектеп қатысқан
- апробацияға 1-сыныптардан барлығы 29 сынып қатысқан, оның

6-уы оқыту қазақ тіліндегі, 23-і оқытуы орыс тіліндегі сыныптар.

➤ білім алушылардың барлық саны 697 құрады, оқыту қазақ тіліндегі сыныптардан 133, оқыту орыс тіліндегі сыныптардан 594 білім алушы апробацияға қатысты.


➤ апробацияға қатысқан барлық педагогтер саны 25 құрады (2.1.1-сурет).

Пилоттық жобаға Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары сияқты өңірлерден 2 мектептен, Қостанай облысынан 3 мектеп және басқа облыстардан (Ақтөбе, Атырау, батыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды) пилоттық юобаға 1 мектептен қатысқан.



2.1.1-сурет

Егер осы сандық көрсеткіштерді оқыту тіліне байланысты пайыздық мөлшерлемеде көрсететін болсақ, апробацияға қатысқан 1-сыныптардың 21% құрайды, онда тиісінше білім алушылардың жалпы санының 19% оқиды.



2.1.2-сурет


Оқыту орыс тіліндегі сыныптар 79%-ды көрсетті, онда тиісінше білім

алушылардың жалпы санының 81% оқиды. Аталған пайыздық көрсеткіштер диаграммада көрсетілген. (2.1.2-сурет).

«Неміс тілі» пәні бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізудің пилоттық жобасына барлық 11 өңір, оның ішінде 9 облыс және 2 республикалық маңызы бар қала қатысты. 2.1.2-кестеде мектептердің, сыныптардың, педагогтер мен білім алушылардың сандық және сапалық көрсеткіштері берілген.

2.1.2-кесте. 1-сыныптарда «Неміс тілі» оқу пәні бойынша ОӘК мен оқулықтарды апробацияға қатысқан өңірлер туралы мәліметтер

№	Өңірдің атауы	Мектеп атауы	Сынып	Педагогтің аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар саны
1	Нұр-Сұлтан қаласы	№67 мектеп-гимназия	1 «А» 1 «Ә»	Наралиева А. Аскарова Г.	қазақ орыс	55
2	Шымкент қаласы	О.А.Жолдасбеков атындағы № 9 лицей	1 «Б»	Джумабекова А.А.	орыс	28
3	Ақтөбе облысы	Ақтөбе қаласының № 11 ОМГ	1 «А» 1 «Б»	Волошина И.А. Култаева С.М.	орыс	54
4	Атырау облысы	Атырау қаласының №34 мектеп-гимназия	1 «А»	Майжанова Д. С.	қазақ	26
5	Шығыс Қазақстан облысы	Өскемен қаласының №12 ОМ	1 «А» 1 «Б»	Бояркина Ю.Л., Гуслякова Э.С.	орыс	58
6	Жамбыл облысы	Тараз қаласының Төле би атындағы №8 гимназия	1 «Г»	Садыкова Г.	қазақ	25
7	Батыс Қазақстан облысы	Орал қ, КММ Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназиясы	1 «А» 1 «Б»	Лобикова Е.В.	орыс	63
8	Қарағанды облысы	Шахтинск қаласының № 1 мектеп-гимназия	1 «А»	Потемкина А.Ю.	орыс	11
			1 «Б»			11
			1 «В»			14
			1 «Г»			13
9	Қостанай облысы	Қостанай қ. Горький атындағы гимназия	1 «А»	Филинкова Л.С.	орыс	19
		Ш.Уәлиханов атындағы Әулиекөл ОМ	1 «А»	Кульмагамбетов Р.Б.	қазақ	10
10	Павлодар облысы	Павлодар қаласының гимназиялық сыныптары бар инновациялық үлгідегі № 39 ОМ	1 «В»	Мокроусова Т.Р. Перевертова Е.А.	орыс	30
11	Солтүстік Қазақстан облысы	Т. Позолотин атындағы №1 Явленск ОМ	1 «А»	Трушникова В.А.	орыс	19
		Петропавл қаласының КММ «БЭСТ» гимназиясы»	1 «Г»	Гладкова О.Я.	орыс	14




2.1.3-сурет

Кестеде мектептердің атаулары, педагогтер туралы мәліметтер, сыныптар мен оқыту тілдері бойынша білім алушылардың саны көрсетілген, кестедегі мәліметтер бойынша барлығы:

- мектептер саны - 13;
- 1-сыныптар саны – 20, оның ішінде қазақ сыныптары – 4, орыс сыныптары – 16;
- педагогтер саны – 17;
- білім алушылар саны – 450, оның ішінде оқыту қазақ тілінде білім алушылар саны 83, ал орыс тілінде білім алушылар саны 367 құрайды.

Берілген сандық көрсеткіштерді графикалық түрде келесі суретте көрсетуге болады (2.1.3-сурет).

Бұл сандық көрсеткіштердің пайыздық үлесін келесі диаграммадан көруге болады (2.1.4-сурет).



2.1.4-сурет

2.1.4-суретте көрсетілген диаграмма бойынша оқыту тіліне байланысты мектептер мен білім алушылардың пайыздық мөлшерлемесі төмендегідей көрініс тапты:

- оқыту қазақ тіліндегі мектептер - 20%-ды, ал ондағы білім алушылар саны жалпы білім алушылар санының 18%-ын құрайды;

- оқыту орыс тіліндегі мектептер - 80%-ды, ал ондағы білім алушылар саны жалпы білім алушылар санының 82%-ын құрайды

Бұдан басқа, кестеде апробацияға қатысқан білім беру ұйымдарының орналасқан жері де көрсетілген: 13 мектептің 11-і қалалық жерде орналасқан, яғни облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалаларда, 2 мектеп аудандық жерде орналасқан (2.1.5-сурет).



2.1.5-сурет

1-сыныптарда «Француз тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациядан өткізуге 6 өңір қатысты, оның ішінде 4 облыс және 2 республикалық маңызы бар қалалар мектептері. Апробацияға қатысушылардың сандық көрсеткіші 2.1.3-кестеде көрсетілген.

Кестеде оқыту тіліне байланысты мектептер, сыныптар, білім алушылар саны және педагогтер саны сипатталған. Яғни:

- мектеп саны – 7;
- 1-сынып жалпы саны – 9, оның ішінде оқыту қазақ тіліндегі – 3, орыс тіліндегі 6;
- педагогтер саны – 8;
- жалпы білім алушылар саны – 247, оның ішінде қазақ тілінде білім алатын – 83, орыс тілінде білім алатын 146 білім алушы.

2.1.3-кесте. 1-сыныптарда «Неміс тілі» оқу пәні бойынша ОӘК мен оқулықтарды апробацияға қатысушылар туралы мәліметтер

№	Өңір атауы	Мектеп атауы	Сынып	Педагогтің аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар саны
1	Нұр-Сұлтан қаласы	№78 мектеп-гимназия	1 «А» 1 «Б»	А.Амирханова	қазақ	55
2	Шымкент қаласы	Титов атындағы №20 мектеп-гимназия	1 «А» 1 «В»	Сапаралиева А.А.	орыс	72
3	Шығыс Қазақстан облысы	КММ «Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені» Өскемен қаласы	1	Омарбекова Ж.М	орыс	27
4	Жамбыл облысы	Тараз қаласының №45 мектеп-гимназиясы	1 «А»	Мандирбаева Ш. Т.	қазақ	28
5	Қостанай облысы	Қостанай қаласының ММ «А.М.Горький атындағы гимназиясы»	1 «А»	Еременко Г. К.	орыс	15
		Қостанай қаласының ММ №2 мектеп лицейі	1 «А»	Калинина Е.М., Ячменева С.И.	орыс	36
6	Солтүстік Қазақстан облысы	Петропавл қ. КММ «БЭСТ» гимназиясы»	1 «Г»	Арыкпаева Г.А.	орыс	14

Кестеге қарап, пилоттық мектептердің деңгейін ажыратуға болады, кестедегі мәліметтер бойынша барлық 7 жеті мектеп те облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан мектептер екенін көруге болады.




2.1.6-сурет

2.1.6-суретте 1-сыныптарда «Француз тілі» оқу пәні бойынша

оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысушылардың жалпы сандық көрсеткіші көрсетілген. Осы көрсеткіштерден оқыту тілі бойынша қатысушылардың пайыздық арақатынасы диаграммада 2.7-суретте берілген. Диаграммаға сәйкес оқыту қазақ тіліндегі сыныптар саны 33%-ды, ондағы оқитын білім алушылар саны, жалпы білім алушылар санының 34%-ын құрайды, ал оқыту орыс тіліндегі сыныптар саны 67%-ды көрсетсе, білім алушылардың саны 66%-ды көрсетті.

«Француз тілі» оқу пәнінің оқыту тіліне байланысты оқулықтар мен ОӘК апробациясы бойынша сыныптар мен білім алушылардың пайыздық үлесі



2.1.7-сурет

Апробацияға қатысушылардың сандық көрсеткіштерінің жоғарыда көрсетілген талдау нәтижелері бойынша келесі **қорытынды** жасауға болады:


- «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына барлық өңірлер қатыспады: 17 аймақтан тек 11 өңір қатысты. Ақмола, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары және Алматы қаласы апробацияға қатысқан жоқ.

- 1-сыныптардың басым бөлігі «Неміс тілі» пәнін таңдаған, яғни апробацияға қатысқан 29 сыныптың 17 сыныбы неміс тілін алған.

- оқыту тіліне байланысты мектептер арасында орыс тілінде оқытатын мектептер саны басым, яғни 29 сыныптың 23 сыныбында оқыту орыс тілінде.

1-сыныптарда «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу мониторингі осы бағыттағы барлық аспектілерді талдау арқылы, сондай-ақ келесі диаграммада көрсетілген салыстырмалы көрсеткіштерде жүргізілді (2.1.8-сурет).


Пилоттық мектептер бойынша салыстырмалы мәлімет



2.1.8-сурет

Жоғарыда көрсетілген салыстырмалы диаграммада оқу пәндері негізінде мектептер, сыныптар, педагогтер мен білім алушылар саны бойынша пайыздық үлестері айқындалған.

Оқыту тілдері бойынша сыныптар мен білім алушылардың салыстырмалы көрсеткіштері



2.1.9-сурет

«Француз тілі» оқу пәні бойынша барлық көрсеткіштер «Неміс тілі» оқу пәніне қарағанда төмен. Көрсеткіштердегі айырмашылық 30% - дан 38-ге дейін ауытқиды:


- ✓ пилоттық мектептер саны бойынша айырмашылық 34%;
- ✓ сыныптар саны бойынша айырмашылық 38%;
- ✓ педагогтер саны бойынша айырмашылық 36%;

✓ білім алушылар бойынша айырмашылық 30%.

Сондай-ақ талдау оқыту тілдерінің көрсеткіштеріне байланысты, оқыту қазақ тілінде және орыс тілінде жүргізілетін сыныптар саны мен ондағы білім алатын білім алушылар саны бойынша да жасалды. (2.1.9-сурет).

Мониторинг түрлерінің бірі 1-сыныптарда «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерін оқытатын пән мұғалімдерінің сауалнамалық мәліметтерінің сипаттамасы бойынша педагогтердің сапалық құрамының мониторингі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай апробацияға «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің мұғалімдері барлығы 25 педагог қатысты. Педагогтердің жалпы санынан неміс тілі мұғалімдерінің саны 17 адамды, француз тілі мұғалімдерінің саны – 8 адамды құрады. Жалпы мұғалімдер санынан қазақ тілінде оқытатын сыныптарда 6 педагог, орыс тілінде оқытатын сыныптарда – 19 педагог жұмыс істейді. Педагогтер туралы сандық мәліметтер пайыздық қатынаста келесі диаграмманы көрсетілген (2.1.10-сурет).



2.1.10-сурет

Диаграмма көрсеткіштерінен неміс тілін оқытатын педагогтер саны (68%) француз тілін оқытатын педагогтер санымен (32%) салыстырғанда басым екенін көруге болады.

Оқыту тілдері бойынша екі санаттағы педагогтер арасында орыс тілінде білім беретін педагогтар саны басым: неміс тілі мұғалімдері (76%) және француз тілі мұғалімдері (75%). Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда жұмыс істейтін педагогтердің саны неміс тілі бойынша 24%, ал француз тілі бойынша 25% құрайды. Бұл үрдіс «неміс тілін» таңдаған сыныптар артықшылығының жалпы үрдісімен, сондай-ақ орыс тілінде оқытын сыныптар артықшылығымен байланысты.

Педагогтердің сапалық құрамын талдау білімі, педагогикалық өтілі, біліктілік санаты, екі пән бағыты бойынша курстық дайындығы туралы деректерді талдаудан тұрады:

- «Неміс тілі» пәні бойынша сабақ беретін педагогтер;
- «Француз тілі» пәні бойынша сабақ беретін педагогтер.

Бұл көрсеткіштер бірнеше кестелерде көрсетіледі. Неміс тілі мұғалімдерінің педагогикалық білімі және жұмыс өтілінің болуы туралы сапалық көрсеткіштердің талдауы 2.1.4-кестеде көрсетілген.

2.1.4-кесте. 1-сыныптарда неміс тілі мұғалімдерінің педагогикалық білімі және жұмыс өтілі туралы мәліметтер

№	Өңірлер	Респонденттер саны	Білімі		Стаж работы		
			Жоғары	Арнайы орта білім	3-жылға дейін	5-жылға дейін	5 жылдан жоғары
1	Нұр-Сұлтан қ.	2	2		1		1
2	Шымкент қ.	1	1				1
3	Ақтөбе облысы	2	2				2
4	Атырау облысы	1	1				1
5	ШҚО	2	2	-	1		1
6	Жамбыл облысы	1	1				1
7	БҚО	1	1				1
8	Қарағанды облысы	1	1				1
9	Қостанай облысы	2	2			1	1
10	Павлодар облысы	2	2				2
11	СҚО	2	2				2
	БАРЛЫҒЫ	17	17	0	2	1	14

Кестедегі көрсеткіштер бойынша 1-сыныптарда «Неміс тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына барлығы 17 педагог қатысқан. Қатысқан барлық педагогтердің білімі жоғары.

Еңбек өтілі туралы 3 жылдан 5 жылға дейін, 5 жылға дейін және 5 жылдан жоғары критерийлері бойынша талдау жүргізілді. Кестеде көрсетілген еңбек өтілі туралы сандық көрсеткіштер 2.1.11-суретте пайыздық мөлшерлемеде сипатталды.

Диаграммадан педагогтер арасында 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар 82%-ды құрайтынын көруге болады. Осы критерийді ары қарай нақтылап талдасак, сауалнама сұрақтарына жауаптары бойынша көптеген педагогтер 10 жылдан астам еңбек өтілі бар екендігін көрсеткен. 6% педагогтің 3 жылға дейін еңбек өтілі бар екендігі анықталды. Бұл фактор жас мамандардың бар екендігін және олар тәжірибесі мол әріптестерінің әдістемелік қолдауды қажет ететіндігін куәландырады. Аталған фактор бойынша Нұр-Сұлтан

қаласының және Шығыс Қазақстан облысының пилоттық мектептерінің әкімшілігі назар аударуы керек.



2.1.11-сурет

Талдау нәтижесі негізінде оқу пәнін білімі жоғары және басым көпшілікте 5 жылдан астам еңбек өтілі бар педагогтер оқытады деген қорытынды шығады.

Педагогтердің сапалық құрамы мониторингінің келесі критерийі педагогтердің біліктілік санаттарын талдау бойынша өткізілді. Талдау нәтижесінің сандық көрсеткіштері 2.1.5-кестеде көрсетілген.

2.1.5-кесте. 1-сыныптарда «Неміс тілі» пәнін оқытатын педагогтердің біліктілік санаттары туралы мәлімет

№	Өңірлер	Респонденттер саны	Біліктілік санаттары							
			жоғары	I	II	Санаты жоқ педагог-модерат	педагог-сарапш	педагог-теуші	педагог-шебер	
1	Нұр-Сұлтан қ.	2		1		1				
2	Шымкент қ.	1							1	
3	Ақтөбе облысы	2							2	
4	Атырау облысы	1			1					
5	ШҚО	2				1		1		
6	Жамбыл облысы	1						1		
7	БҚО	1						1		
8	Қарағанды облысы	1	1							
9	Қостанай	2	1				1			

	облысы									
10	Павлодар облысы	2	1		1					
11	СҚО	2		1				1		
	БАРЛЫҒЫ	17	3	2	2	1	2	1	6	0

Талдау нәтижесі 1-сыныптарда неміс тілі мұғалімдерінде төмендегідей біліктілік санаттары бар екендігін анықтады:

- бірінші санатты – 2 мұғалім (Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы);
- екінші санатты – 2 мұғалім (Атырау, Павлодар облыстары);
- санаты жоқ – 1 мұғалім (Нұр-Сұлтан қаласы);
- «Педагог - модератор» санаты бар - 2 мұғалім (Шығыс Қазақстан, Костанай облыстары);
- «Педагог - сарапшы» санаты бар - 1 мұғалім (Солтүстік Қазақстан мұғалімі);
- «Педагог - зерттеуші» санаты бар - 6 мұғалім (Шымкент қаласы, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары)
- «Педагог-шебер» санаты апробацияға қатысушылар арасында анықталған жоқ.

Диаграммаға сәйкес педагогтардың біліктілік санаттары бойынша пайыздық арақатынасы жалпы педагогтер арасында айтарлықтай үлкен айырмашылық көрсетпеді. Ең үлкен пайызды «педагог-зерттеуші» санаты бар неміс тілі мұғалімдері көрсетті, олардың көрсеткіші 35% құрады (2.1.12-сурет).



2.1.12-сурет

Келесі жоғары көрсеткіш жоғары санатты педагогтер үлесінде яғни, 18%. «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты бар педагогтер үлесі 6% құрады.

Екінші санатты және «педагог-модератор» біліктілік санаты бар педагогтер екікритерий бойынша да 12% көрсетті.

Айта кету керек, 17 неміс тілі мұғалімдерінің арасында санаты жоқ мұғалімдер қатары 6%-ды құрады, яғни Нұр-сұлтан қаласынан 1 педагог. Бұл фактіні №67 мектеп-гимназия директорының оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары бақылауға алулары қажет.

Жалпы, осы критерийдегі педагогтердің сапалық құрамының мониторингі бойынша келесі **тұжырым** туындайды яғни, 1-сыныптарда «Неміс тілі» оқу пәнін оқытатын педагогтардың көпшілігінде біліктілік санаты бар.

Талдаудың келесі критерийі 2.1.6-кестеде көрсетілген, педагогтердің даярлық курстан өтуі туралы мәлімет болып табылды.

2.1.6-кесте. 1-сыныптарда «Неміс тілі» пәнін оқытатын педагогтердің курстық дайындығы туралы мәліметтер


№	Өңірлер	Респонденттер саны	«Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			Басқа да курстар және семинарлар
			2017	2018	2019	2017	2018	2019	
1	Нұр-Сұлтан қ.	2							
2	Шымкент қ.	1		1					
3	Ақтөбе облысы	2		1				1	1
4	Атырау облысы	1							
5	ШҚО	2							
6	Жамбыл облысы	1							
7	БҚО	1							1
8	Қарағанды облысы	1							
9	Қостанай облысы	2	1						
10	Павлодар облысы	2		1	1				
11	СҚО	2					1		
	БАРЛЫҒЫ	17	1	3	1	0	1	1	2

Кестеде даярлық курсын ұйымдастырушылар және 2017 жылдан 2019 жыл аралығында педагогтердің даярлық курстарынан өтуі туралы мәліметтер көрсетілген. Анықталған көрсеткіштер «Неміс тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенінің апробациясына қатысқан 17 педагогтің барлығы бірдей қамтылмағандығын көрсетті. «Өрлеу» БАҰО ұйымынан 5, «НЗМ» ДББҰ ұйымынан 2 педагог және басқа да курстардан 2 педагог даярлық курстарынан өткен. Талдау нәтижесі жалпы даярлық курстарынан барлығы 7 педагог өткендігін көрсетті.

Нұр-Сұлтан қаласының, Атырау, Жамбыл, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының педагогтері даярлық курстарынан өтпеген ал, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының педагогтері басқа да курстар мен семинарлардан өткендігі анықталды.

Кестеде сипатталған сандық көрсеткіштер негізінде даярлық курстан өткен педагогтердің пайыздық мөлшерлемесі диаграммада көрсетілген (2.1.13-сурет).

1-сыныптарда неміс тілі пәні мұғалімдерінің курстық дайындығы туралы мәлімет



2.1.13-сурет

Диаграммадан 47% педагогтің даярлық курстарынан өтпегендігін көруге болады, бұл жағдай өте үлкен мәселе. Кез-келген мұғалім өзін кәсіби тұрғыдан педагогтік құзыреттілігін арттыруы қажет. Ал, қалған 53% педагог даярлық курстарынан өткен, оның ішінде БАҰО «Өрлеу»-ден 29 %, ДББҰ «НЗМ»-нен 12 %, сондай-ақ басқа да курстардан 12 % педагог өткен.

Демек, барлық педагогтер өздерінің кәсіби деңгейін көтермейді және мектеп әкімшілігі педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, бірінші кезекте курстық дайындықтан өткізу арқылы арттыруға ықпал етпейді деген **қорытынды** шығады.

Даярлық курстарынан өткен педагогтерді ары қарай талдау яғни, олардың өткен курс атаулары, неміс тілі пәнін оқытуда маңызды болып табылмайды. 2.1.7-кестеде курстан өткен педагогтердің курс атаулары берілген.

Даярлық курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижесі оқулықтар мен ОӘЖ апробациясына қатысқан педагогтердің өткен даярлық курстары 1-сыныптарда жұмыс істейтін неміс тілі мұғалімдерінің мамандығына сәйкес еместігін көрсетті. Онда мұғалімдер «Қазақ тілі», «Ағылшын тілі» аяндері бойынша жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өткен. Аталған курстар бойынша Шымкент қаласы, Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарының педагогтері анықталып отыр. Курстардың ерекшелігі тілдік пәндер бойынша мазмұнды көздесе де, бұл «Неміс тілі» пәні бойынша курстар емес.

Сонымен қатар, педагогтердің даярлық курстарының арасында тек оқыту семинарлары бар екенін атап өткен жөн, бірақ олар неміс тілінен болып табылады, мысалы, Гете институты мен Неміс үйімен өткізілетін семинарлар. Осындай оқыту семинарларын Ақтөбе облысы педагогтерінің бірі өткен.

2.1.7-кесте. 1-сыныптарда «Неміс тілі» пәні бойынша ОӘК мен оқулықтарды сынақтан өткізуге қатысқан педагогтердің курстарының атаулары туралы мәлімет

№	Өңірлер	БАҰО «Өрлеу» курстары	ДББҰ «НЗМ» курстары	Басқа да курстар мен семинарлар
2	Шымкент қаласы	ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі «Қазақ тілі пәні» бойынша	-	-
3	Ақтөбе облысы	ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша курстар	Бастауыш мектепте шет тілін оқытудың заманауи әдістері	1. Гете институты, оқыту семинары 2. Неміс Үйі, оқу семинары.
7	Батыс Қазақстан облысы	-	-	«Agzhan» ғылыми-оқу орталығы, ҚР Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында неміс тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту
9	Қостанай облысы	Ағылшын тілі бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру	-	-
10	Павлодар облысы	1. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы неміс тілі. 2. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы ағылшын тілі.		
11	Солтүстік Қазақстан	-	Жиынтық бағалау тапсырмаларын	-

			әзірлеу және сараптау	
--	--	--	-----------------------	--

Курстар арасында критериалды бағалауды өткізу кезінде өте қажетті жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау бойынша курстар бар екендігі анықталды. Осындай курстардан Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері өткен.

Біліктілікті арттыру туралы мәліметтердің талдауы көпшілік педагогтердің курстан өтпеген, ал кейбір педагогтер сабақ беретін пәніне сәйкес емес, мамандығына кедмейтін курстан өткен деген қорытынды жасауға болады. Білім беру ұйымдарының әкімшілігі курстар арқылы педагогтердің біліктілігін арттыруға, атап айтқанда білім беру курстарының атауы мен мазмұнына назар аударуы қажет.

1-сыныптарда оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің апробациясы «Француз тілі» оқу пәні бойынша да жүргізілді. «Француз тілі» пәні бойынша апробациядан неміс тілімен салыстырғанда аз мектептер өтті.

Сол себепті педагогтер саны да аз, барлығы апробацияға 8 педагог қатысты. Педагогтердің сапалық құрамын талдау жоғарыда аталған критерийлер бойынша жүзеге асырылды. Сапалық құрам туралы мәліметтер 2.1.8-кестеде көрсетілген.

2.1.8-кесте. 1-сыныптарда «Француз тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысқан педагогтердің педагогикалық білімінің және жұмыс өтілінің болуы туралы мәліметтер

№	Өңір	Барлық респонденттер	Білімі		Еңбек өтілі		
			жоғары	арнайы орта	3 жылға дейін	5 жылға дейін	5 жылдан жоғары
1	Нұр-Сұлтан қаласы	1	1				1
2	Шымкент қаласы	1	1				1
3	Шығыс Қазақстан облысы	1	1		1		
4	Жамбыл облысы	1	1				1
5	Қостанай облысы	3	3				3
6	Солтүстік Қазақстан облысы	1	1				1
	Барлығы	8	8	0	1		7

Кестедегі мәліметтер бойынша 1-сыныптарда «Француз тілі» пәнін оқытатын барлық мұғалімдер жоғары білімді.


7 педагогтің еңбек өтілі 5 жылдан жоғары, тек бір ғана педагогтің еңбек өтілі 3 жылға дейін екендігі анықталды. Жас маман Шығыс Қазақстан облысының мұғалімі болып табылады.

Кестеде сипатталған сандық көрсеткіштердің пайыздық мөлшерлемесі

2.1.14-суретте көрсетілген. Диаграммадан француз тілі мұғалімдерінің 88%-да еңбек өтілі 10 жылдан жоғары екендігін көруге болады. Мұғалімдердің 12%-да еңбек өтілі көп емес, яғни 3 жылға дейін екендігін көруге болады.

Кестелер мен диаграммалардың мәліметтеріне сүйене отырып, «француз тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар, жеткілікті тәжірибелі педагогтар қатысты деген **қорытынды** шығады. Бір ғана педагог Шығыс Қазақстан облысы бойынша жас маман болып табылады, сол себепті әдістемелік көмек көрсету қажет.

Француз тілі мұғалімдерінің еңбек өтілі туралы мәліметтер



2.1.14-сурет

Талдаудың келесі критерийі – біліктілік санаты болды. «Француз тілі» пәні бойынша педагогтердің біліктілік санатының болуы туралы ақпарат кестеде көрсетілген (2.1.9-кесте).

2.1.9-кесте. 1-сыныптарда «Француз тілі» оқу пәнін оқытатын педагогтарда біліктілік санаттарының болуы туралы мәліметтер

№	Өңірлер	Респонденттер	Санаттар							
			Жоғары	I	II	Санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
1	Нұр-Сұлтан қаласы	1						1		
2	Шымкент қаласы	1	1							
3	ШҚО	1				1				
4	Жамбыл облысы	1	1							
5	Қостанай облысы	3	2						1	
6	СҚО	1	1							
Барлығы		8	5	0	0	1	0	1	1	0

Кестенің сандық деректеріне сәйкес педагогтардың басым көпшілігі жоғары санатты, «педагог-зерттеуші» санатында 2 адам, «педагог-сарапшы» санатында 1 адам бар екені анық. Сондай-ақ, 1 педагогте біліктілік санаты жоқ. Бұл факт Шығыс Қазақстан облысында байқалады, бұл педагог 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жас маман болып табылады.



2.1.15-сурет

Біліктілік санатының болуы туралы сандық мәліметтің пайыздық мөлшерлемесін 2.1.15-суреттен көруге болады.

Сапалық құрамды талдаудың аталған критерийі бойынша апробацияға қатысқан барлық педагогтерде біліктілік санаты бар деген **қорытынды** жасауға болады. Өңірлер бөлінісінде жоғарыда көрсетілген өңірлердің барлық пилоттық мектептерінде тиісті біліктілік санаты бар педагогтар жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Жоғары санатпен Шымкент қаласының, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының педагогтері, ал, «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» санаттарымен Нұр-Сұлтан қаласының және Қостанай облысының педагогтері жұмыс істейді.

Сапалық құрамның келесі талдау критерийі педагогтердің курстық дайындығы болып табылады. Аталған критерий бойынша мәліметтер 2.1.10-кестеде көрсетілген.

Кестеде біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің саны көрсетілген. Бұл көрсеткіштер пилоттық мектептердің 1-сыныптарында «француз тілі» оқу пәнін оқытатын 8 педагогтың тек 3-і ғана курстық даярлығы бар екендігін көрсетті, бұл 38% - ды құрайды.

Даярлық курстарынан өткен 3 педагогтің екеуі – «Өрлеу» БАҰО және 1 педагог басқа курстардан өткендігі анықталды.

Аймақтар бойынша даярлық курсатыран Нұр-сұлтан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының педагогтері өткен. Шымкент қ., Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарының педагогтерінде курстық дайындықтары жоқ. Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері Француз Альянсы арқылы ҚР Франция елшілігінде курстық дайындықтан өткен.

2.1.10-кесте. 1-ші сыныптарда «Француз тілі» пәні бойынша ОӘК мен оқулықтарды сынақтан өткізуге қатысқан педагогтардың курстық дайындығы туралы мәліметтер

№	Өңір	Респонденттер саны	«Өрлеу» БАҰО курстары			«НЗМ» ДББҰ курстары			Басқа курстар
			2017	2018	2019	2017	2018	2019	
1	Нұр-Сұлтан қаласы	1		1					
2	Шымкент қаласы	1							
3	Шығыс Қазақстан	1							
4	Жамбыл	1							
5	Қостанай	3			1				
6	Солтүстік Қазақстан	1							1
	Барлығы	8	0	1	1	0	0	0	1

Пилоттық мектептердің педагогтері «НЗМ» ДББҰ курстарынан өтпеген. Курстардың атауы келесі кестеде көрсетілген (2.1.11-кесте).

2.1.11-кесте. Француз тілі мұғалімдері өткізген курстардың атауы туралы мәлімет

№	Өңір	«Өрлеу» БАҰО курстары	«НЗМ» ДББҰ курстары	Басқа курстар
1	Нұр-Сұлтан қаласы	Жаңартылған білім беру мазмұнындағы курстар		
2	Шымкент қаласы			
3	Шығыс Қазақстан			
4	Жамбыл			
5	Қостанай	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша француз тілін оқыту		
6	Солтүстік Қазақстан			ҚР Франция Елшілігі мен Француз альянсінің курстары


Жоғарыда көрсетілген біліктілікті арттыру курстары француз тілі

мұғалімдерінің мамандықтарына сәйкес келеді.

Талдау нәтижесі пилоттық мектептерде апробацияға қатысқан педагогтердің барлығында бірдей біліктілікті арттыру курстары жоқ екендігін көсетті. Сондықтан бұл мәселені директордың оқу және оқу әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарлары бақылауға алулары қажет. Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында педагогтерге тиісті бағыт бойынша даярлық курстарынан өтуі өте қажет.

Педагогтердің сапалық құрамының мониторингі оқыту тілі бойынша педагогтердің салыстырмалы сипаттамасында жүргізілді: «Неміс тілі» оқу пәні, «Француз тілі» оқу пәні. 1-сыныптарда сабақ беретін педагогтердің сапалық құрамының салыстырмалы диаграммасы келесі пайыздық көрсеткіштерді көрсетеді (2.1.16-сурет).

Педагогтердің еңбек өтілі бойынша салыстырмалы көрсеткіштері




2.1.16-сурет

Осы диаграммада «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша педагогтердің еңбек өтілі бойынша критерийге салыстырмалы талдау беріледі, онда педагогтардың көпшілігі ұсынылған сауалнамалардан анықталғандай, 10 жылдан астам тәжірибесі бар тәжірибелі педагогтар болып табылады деген **қорытынды** жасауға болады.

Келесі салыстырмалы талдау критерийі педагогтердің біліктілік санаттары бойынша жасалды (2.1.17-сурет).

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша салыстырмалы мәлімет



2.1.17-сурет


Диаграмма көрсеткіштерінен «Неміс тілі» және «Француз тілі» оқу пәндері бойынша педагогтердің біліктілік деңгейі кейбір позициялар бойынша ерекшеленеді:

- екі оқу пәні бойынша 92 % педагогтерде біліктілік санаты бар, 8% педагогтердің біліктілік санаты жоқ;
- жоғары санатты педагогтер арасындағы айырмашылық 8% құрайды яғни, француз тілі педагогтері 20 %, неміс тілі педагогтері 12 % көрсетті;
- «педагог-зерттеуші» санаты бар педагогтердің айырмашылығы 20% құрайды, онда неміс тілі пәні бойынша педагогтердің пайыздық мөлшерлемесі ең көп болып табылады (24%), ал француз тілі пәні бойынша 4%;
- бірінші, екінші, санаты жоқ, «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттары бойынша бірдей көрсеткіштер анықталды;

Демек, барлық педагогтердің біліктілік санаты бар, ал олардың көпшілігі - жоғары санатты және «педагог-зерттеуші» санаты бар деген **тұжырым** жасауға болады.

2.1.18-суретте оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысқан педагогтердің даярлық курстарынан өткендігі туралы салыстырмалы сипаттама берілген.

Педагогтердің курстық дайындығы туралы салыстырмалы мәлімет



2.1.18-сурет

Бұл диаграммада 1-сыныптарда «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерін оқытатын педагогтердің курстық дайындығының бар болуы туралы мәліметтер анық көрсетілген. Осыдан келесі **қорытынды** шығады:

➤ соңғы 3 жылда тек 44 % педагог даярлық курстарынан өткен, ал 56% педагог курстардан өтпеген, яғни педагогтердің басым көпшілігінің курстық даярлықтары жоқ;

➤ 24 % педагог «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен, пән бойынша алатын болсақ неміс тілі бойынша 16%, француз тілі бойынша 8% құрайды.

➤ 8 % педагог «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткен, яғни тек неміс тілі пәні бойынша педагогтер даярлық курстарынан өткен, ал француз тілі бойынша аталған ұйымнан курстардан өтпеген;

➤ 12% педагогтер басқа курстардан өткен, бұл көрсеткіште сонымен қатар оқыту семинарлары да ескерілген

➤ «Неміс тілі» оқу пәнін оқытатын педагогтердің 36% біліктілікті арттыру курстарына ие, француз тілі педагогтерінің 12% ғана осы курстардан өткен.

«Неміс тілі» және «француз тілі» оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына қатысатын педагогтардың сапалық құрамының мониторингі 1-сыныптарда **теріс үрдісті** анықтады, ол апробацияға қатысатын педагогтердің тек оқытылатын пәндер бойынша біліктілікті арттыру жоспарында жеткіліксіз дайындалғаны, тек қана педагогтардың 44% соңғы 3 жылда курстық даярлығы бар. Критериалды бағалау бойынша 25 педагогтың біреуі ғана критериалды бағалау бойынша жиынтық тапсырмаларды әзірлеу курсынан өткен.

Сондай-ақ апробацияға қатысқан педагогтертің сапалық құрамы мониторингінің **оң үрдісі** байқалады, біріншіден, педагогтердің 84%-ы 5

жылдан астам жұмыс өтілі бар, көпшілік респонденттерде тіпті еңбек өтілі 10 жылдан астам, екіншіден, педагогтердің 92%-ы белгілі бір біліктілік санаты бар, бұл оқу процесін тиімді ұйымдастыруда маңызды фактор болып табылады.

Мониторингтің келесі бағыты – 1-сыныптарға арналған жаңартылған білім мазмұнындағы «Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндері бойынша оқулықтардың сипаттамасы.

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулыққа мынадай педагогикалық талаптар қойылады: оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы; жоғары идеялылығы, тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі; мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы; материалдарының білімалушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы; дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болып, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі; оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация, сурет, кесте, диаграмма, сызба мен сызулардың болуы; сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі. Негізгі оқу пәндерінің оқулықтарына қосымша хрестоматия есеп жинақтары, жазбаша жаттығу кітаптары, анықтама, сөздік, оқу кітаптары, тарихи және географиялық карталар, т.б. қолданылады.

2.2 1-сыныпқа арналған «Неміс тілі» пәні бойынша Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығын талдау

Пилоттық мектеп білім алушылары бірнеше баспаның ұсынған оқулықтарын пайдаланды. Оқулық мониторингі төрт бағытта, 5 баллдық бағалау жүйесінде жүргізілді:

- оқулықтың құрылымы мен мазмұны;
- оқу материалының әдістемелік жағы;
- иллюстрациялық материал;
- оқу материалын баяндау тілі мен стилі.

Аталған бағыттардың әрқайсысы бірнеше критерийлерден тұрады, сол критерийлер бойынша педагогтердің жауаптары талданды.

«Оқулықтың құрылымы мен мазмұны» бағытында төмендегідей критерийлер қарастырылған:

✓ оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану);

✓ бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы;

✓ оқу материалының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

✓ оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы);

✓ оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі;
✓ ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік жағдайлар мен жағдаяттар байланысын қамтамасыз ету;

✓ фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы.

«Оқу материалының әдістемелік жағы» бағыты келесі критерийлерді қамтыған:

➤ оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

➤ әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы;

➤ дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы;

➤ сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау;

➤ сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы;

➤ білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы;

➤ акт-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы.

«Иллюстрациялық материал» бағытында келесі критерийлер қарастырылған:

• мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы;

• иллюстрациялық материалдың эстетикалығы;

• иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы;

• оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі.

«Оқу материалын баяндау тілі мен стилі»

✓ баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі;

✓ терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық-әдістемелік ақпараттың болуы.

1-сыныптарды «Неміс тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына 3 баспа қатысты:

🇺🇦 Jana und Dino - Баспасы: «Hueber Verlag», Авторлары: Manuela Georgiakaki, Michael Priesteroth;

🇺🇦 Deutsch für Kasachstan Klasse 1. – Баспасы: «EduStream» Просвещение, Авторлары: M.Latyjewa, O.Gutbrod, N. Koslowa, W.Rasumowa

🇺🇦 Fabuli - Баспасы: ТОО «Көкжиек-Горизонт» Алматы, 2019, Авторлары: Sigrid Xanthos-Kretzmer, Jutta Douvitsas-Gamst, Диана Кабенова, Азина Оспанова, Бейбитнур Жумабекова

Апробация нәтижесінің мониторингі әр баспа бойынша бөлек жүргізілді. Педагогтердің сауалнамаларын өңдеу және талдау негізінде баспалар бөлінісінде әр бағыт бойынша ондағы критерийлер арқылы жалпы баға жасалды.

«Оқулықтың құрылымы мен мазмұны» бағыты

Апробацияға қатысқан баспалар бойынша оқулықтардың құрылымы мен мазмұнының сәйкестігін талдау 2.2.1-кестеде көрсетілген критерийлер арқылы жүргізілді.

2.2.1-кесте. Оқулықтың құрылымы мен мазмұны бойынша критерийлер

№	Критерийлер	Барлық респонденттер	Балл (жоғары -5, төмен -1)
1	Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану)		
2	Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы		
3	Оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі		
4	Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы)		
5	Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі		
6	Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттармен және жағдайлармен байланысын қамтамасыз ету		
7	Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы		

Авторлары **Manuela Georgiakaki, Michael Priesterth, Hueber Verlag,** баспасы «**Jana und Dino**» оқулығы 4 өңірде Нұр-Сұлтан қаласы, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарынан апробациядан өтті (2.2.2-кесте).


Апробацияға төрт білім беру ұйымы және төрт 1-сынып қатысты, оның ішінде екі сынып қазақ, екі орыс сыныптары болды. 1-сынып бойынша білім алушылар саны 90, ал сол сыныптарда жұмыс жасайтын педагогтер саны 5 құрайды. Оқулықтың мазмұны, сапасы бойынша әрбір критерий 5-тен 1-ге дейін бағаланды. 5 жоғары яғни оң, ал 1 төмен яғни теріс деген көрсеткіш.

2.2.2-кесте. Hueber Verlag баспасы, «Jana und Dino» оқулығы мен ОӘК апробациясына қатысқан мектептер тізімі

№	Өңірлер	Мектеп атауы	Сынып-комплект ілер саны	Педагогтің аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар саны
1	Нұр-Сұлтан қ.	№67 МГ	1 «А»	Наралиева А.	қазақ	20
2	Атырау обл.	№34 МГ	1 «А»	Майжанова Д. С.	қазақ	26
3	Павлодар облысы	№ 39 ЖОМ	1 «В»	Мокроусова Т.Р., Перевертова Е.А.	орыс	30
4	Солтүстік Қазақстан облысы	Петропавл қ. «БЭСТ» гимназиясы	1 «Г»	Гладкова О.Я.	орыс	14
	Барлығы - 4	4	4	5	қазақ/орыс	90


1. Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану) критерийі бойынша респонденттер пікірі өте жоғары баға берді. Барлық респонденттер 100% деп бағалаған. Аталған көрсеткіш оқулық құрылымының талаптарға сай екендігін растайды (2.2.1-сурет).

Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі




2.2.1-сурет

2. Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы критерийі бойынша да респонденттер пікірі жоғары баллды көрсетті. Яғни, оқу материалдары бөлімдер бойынша өте оңтайлы, тақырыптар мен бөлімдер бір-біріне сәйкес деген пікір білдіреді (2.2.2-сурет).



2.2.2-сурет


3. Оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша респонденттер пікірі бөлінген, бірақ алынған нәтиже оң бағалауға әсерін тигізбейді. Апробация қатысушыларының 80% өте жоғары, ал 20% жеткілікті деңгейде жоғары бағалаған. Жалпы оқулық білім алушының психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған деп оң бағалау көрсеткен (2.2.3-сурет)



2.2.3-сурет


4. Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы) бойынша деректер педагогтер пікірінің айтарлықтай ажырамағанын көрсетті. Жалпы оң нәтиже көрсетті, яғни 80% өте жоғары, 20% жеткілікті деңгейде жоғары. Бұл оқулықтың оқу материалы қисынды мазмұндалғанын, сабақтастыққа сәйкес, әрбір тапсырма бөлім бойынша және ретпен орналасқанын бағалауға мүмкіндік береді (2.2.4-сурет).

Оқу материалын мазмұндау логикасы



2.2.4-сурет

5. Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі критерийі бойынша респонденттер жауаптары толық, жеткілікті деңгейде емес және аз деген пікірге бөлінді.




2.2.5-сурет

Оқулық мазмұнында қазақстандық компонент толық қамтылғандығын 2, жеткілікті деңгейде екендігін 1, аз деңгейде екендігін 2 респондент растаған. Бұл бағалау жалпы қазақстандық компоненттің жеткілікті деңгейде емес (60%) екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Пайыздық мөлшерлемеде 2.2.5-суретте көрсетілген.

6. Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік жағдайлармен және жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету критерийі бойынша 4 педагог өте жоғары, ал 1 педагог жеткілікті деңгейде жоғары деген пікір білдірген.


Яғни, ғылыми және қол жетімділік принциптері сақталған, сонымен қатар берілген тапсырмалар өмірмен байланысты, өмірлік жағдайлар мен жағдаяттарға сәйкес берілген деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді (2.2.6-сурет).

Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттармен және жағдайлармен байланысы



2.2.6-сурет


7. Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы туралы педагогтер пікірі екіге бөлінді. 80%/20% қателіктер мен дәлсіздіктер жоқ/қателіктер мен дәлсіздіктер кейде кездеседі деген пікір анықталды (2.2.7-сурет).



2.2.7-сурет

Hueber Verlag баспасы «**Jana und Dino**» оқулығының құрылымы мен мазмұны бойынша талдау нәтижелері жалпы көрсеткіштері жаман емес екендігін көрсетті (2.2.8-сурет).

Оқулықтың мазмұны мен құрылымы



2.2.8-сурет

Талдау нәтижелері оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы барлық критерийлер бойынша айтарлықтай жоғары бағалауды көрсетті. Жалпы оқулықтың бекітілген нормативке сәйкес екендігі анықталды. Апробацияға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі өте жоғары баға берді. Респонденттер пікірі «толықтай сәйкес», «жартылай сәйкес» және «жеткілікті деңгейде сәйкес» деген санатқа бөлінді.

Алғашқы екі критерий яғни, «*Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі*» және «*Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы*» бойынша педагогтер 100% жоғары баға көрсетті.

Тек *қазақстандық компоненттің сипатталуы критерийі бойынша* пікір үш түрлі бағаланды: «толық деңгейде» - 40%, «жеткілікті деңгейде» - 40%, «аз деңгейде» - 20%.

Басқа критерийлер бойынша барлық пікірлер «толық деңгейде» - 80%, «жеткілікті деңгейде» - 20% деп бөлінген.

Алынған талдау нәтижелерінен **Hueber Verlag** баспасы «**Jana und Dino**» оқулығының құрылымы мен мазмұны барлық талаптарға сәйкес келеді деген қорытынды шығады. Бұл оқулықты апробациялау бойынша мониторингтің осы бағытын педагог-респонденттер сәтті бағалаған.

Авторлары **M.Latyjewa, O.Gutbrod, N. Koslowa, W.Rasumowa,** баспасы **EduStream Просвещение, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы** апробациясына 5 өңірден 5 мектеп, 10 сынып, 7 педагог және 205 бәләм алушы қатысты (2.2.2-кесте).

Сонымен апробацияға қатысқан 10 сыныптың тек 1 сыныбы ғана қазақ сыныбы болып табылады.

2.2.2-кесте. 1-сыныптарда EduStream Просвещение баспасының «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы апробациясына қатысқан өңірлер мен мектептер тізімі.

№	Өңірлер	Мектеп атауы	Сынып-комплектілер саны	Педагогтың аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар
1	Ақтөбе облысы	№ 11 ЖОМГ, Ақтөбе қаласы	1 «А», 1 «Б»	Волошина И.А. Култаева С.М.	орыс	54
2	Шығыс Қазақстан облысы	«№12 жалпы білім беретін мектеп» КММ Өскемен қаласы	1 «А», 1 «Б»	Бояркина Ю.Л., Гуслякова Э.С.	орыс	58
3	Қарағанды облысы	«№1 мектеп-гимназия» КММ Шахтинск қаласы	1 «А», 1 «Б», 1 «В», 1 «Г»	Потемкина А.Ю.	орыс	11 11 14 13
4	Солтүстік Қазақстан облысы	«Кенес Одағының Батыры Т. Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» КММ, Явленка ауылы.	1 «А»	Трушникова В.А.	орыс	19
5	Нұр-Сұлтан қаласы	«№67 гимназия» КММ	1 «Ә»	Аскарова Г.	қазақ	25
	Барлығы	5	10	7	қазақ/орыс	205

Жоғарыда аталған оқулықты талдау «Оқулық құрылымы мен мазмұны» бағыты бойынша негізгі жеті критерий негізінде талданды.




2.2.9-сурет

1. Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану) критерийі бойынша респонденттер пікірі 72% және 28% құрады яғни, көпшілігі оқулық талаптарға сәйкес деп көрсетсе, аздаған мөлшері талапқа сай емес деп көрсетті.

Бұл пікір оқулықтың құрылымы барлық талаптарға сай емес дегенді білдіреді. Диаграммада педагогтердің осы критерий бойынша бағасы нақты көрсетілген (2.2.9-сурет).

Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлығы




2.2.10-сурет

2. Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы критерийі бойынша респонденттер пікірі 100% жеткілікті деңгейде жоғары бағаланған, яғни 2 респондент «толығымен сәйкес келеді», 5 респондент «жеткілікті деңгейде сәйкес келеді» деп бағалаған. Бұл көрсеткіш оқу тапсырмаларының бөлімдер мен тақырыптар бойынша оңтайлы және қалыпты ретпен бөлінгенін көрсетеді. Пайыздық мөлшерлемеде 29% және 71% құрайды (2.2.10-сурет).

3. Оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша барлық педагогтер пікірі бірдей болмай шықты. Респонденттер жауаптары оң және теріс пікірге бөлінді. 6 педагог білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді деп есептейді, бірақ 1 педагог бұл сәйкестікті жоққа шығарады және ең төменгі баллмен бағалайды. Педагогтердің жауаптары пайыздық мөлшерлемеде 2.2.11-суретте көрсетілген.

Оқу материалының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі




2.2.11-сурет

4. Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы) критерийі де оқулықтың құрылымы мен мазмұны бағытындағы маңызды көрсеткіштің бірі. Аталған көрсеткіш бойынша респонденттердің жауабы келесі көріністі тапты: оқулықтың мазмұндау логикасы талаптарға толық сәйкес – 2 педагог, көп жағдайда сәйкес – 4 педагог, ішінара сәйкес келеді – 1 педагог жауап берген.


Бұл бағалау оқу материалы әрқашан қисынды емес, бөлім бойынша оқу материалының сабақтастығы жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмауы мүмкін дегенді білдіреді. Респонденттердің жауабы пайыздық мөлшерлемеде 2.2.12-суретте көрсетілген.

Оқу материалын мазмұндау логикасы



2.2.12-сурет


5. Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі критерийі бойынша респонденттер пікірі бірыңғай көрініс бермейді, пікірлер оң және ішінара теріс жауапқа бөлінген. Қазақстандық компонент оқулықта бейнеленген деп 5 педагог көрсетсе, 2 педагог бұл критерий жеткілікті деңгейде бекітілген талапқа сай қамтылмағандығын көрсетті. Сауалнама нәтижесі респонденттердің көпшілігі 72% талапқа сай компонент қамтылған деп көрсетті. Қазақстандық компоненттің бейнеленуі туралы респонденттер жауабы 3 позицияда көретілген: «толық сәйкес», «көбінесе сәйкес», «аз дәрежеде сәйкес» (2.1.13-сурет).



2.2.13-сурет

6. Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттар мен жағдайларға байланыстылығын қамтамасыз ету критерийі бойынша жалпы педагогтердің пікір негізінде оң бағаланды деп санауға болады. Себебі респонденттердің бағалауы «толық сәйкес», «көп дәрежеде сәйкес», «ішінара дәрежеде сәйкес» деген бағаға бөлінді. Жалпы бағалауды алсақ, онда оқу тапсырмасы мазмұнында ғылыми және қол жетімділік принципі сақталған деп есептеуге болады. Сонымен қатар оқу тапсырмалары нақты өмірлік шарттар мен жағдайларға сәйкес берілген деп айтуға болады. Осы критерий бойынша педагогтердің жауаптарының пайыздық мөлшерлемесі 2.2.14-сіретте көрсетілген.


Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттар мен жағдайларға байланыстылығы



2..2.14-сурет

7. Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы туралы әр түрлі пікір алынды. Педагогтердің жауаптарына сәйкес, десе де оқулықта дәлсіздіктер мен қателер бар екендігі анықталды.

Оқулық мазмұнында қателер мен дәлсіздіктердің болмауы



2.2.15-сурет


Дәлсіздіктер мен қателердің бар екендігін 3 педагог растаған. Қателіктер мен дәлсіздіктер толықтай жоқ немесе көп дәрежеде емес деп 4 педагог

көрсеткен. Осылайша кей жағдайларда оқулықта қателіктер мен дәлсіздіктер бар екендігін көрсетеді (2.2.15-сурет).

Айта кету керек, педагогтердің 58% - ы қате пен дәлсіздіктің болмауы толық жоқ немесе көп дәрежеде емес деп көрсетті, бірақ респонденттердің 42% - ы қателер мен дәлсіздікті бар деп көрсетті. Бұл оқулықтың мазмұнында дәлсіздіктер мен қателіктер бар дегенді білдіреді.

EduStream Просвещение баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығының құрылымы мен мазмұны бойынша талдау критерийлер бойынша жан-жақты толық талқыланды. Жалпы 7 критерий негізінде апробацияға қатысқан барлық респонденттер жауаптары талданды. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы туралы жалпы талдау нәтижесі жаман нәтиже берген жоқ. Нақты әрі толық пайыздық мөлшерлеме 2.2.16-суретте көрсетілген.

EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығының құрылымы мен мазмұны



2.2.16-сурет

Мониторинг нәтижесі оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы бірнеше критерийлер бойынша теріс нәтиже көрсетті:

- оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі – «аз дәрежеде сәйкес» 28%;
- оқу материалының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі – «аз дәрежеде сәйкес» 15%;
- оқу материалын мазмұндау логикасы – «ішінара сәйкес» 14%;
- оқулықта қазақстандық компоненттің бейнеленуі – «аз дәрежеде сәйкес» 28%.

1-сыныптар арасында неміс тілі пәні бойынша апробацияға қатысқан 3-ші «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, Fabuli оқулығы. Оқулық авторлары Sigrid Xanthos-Kretzmer, Jutta Douvitsas-Gamst, Диана Кабенова, Азина Оспанова, Бейбитнур Жумабекова.

Оқулыққа мониторинг осығанға дейін сипатталған екі оқулық критерийлері бойынша жүргізілді. Бұл оқулықпен 4 өңір жұмыс жасаған. Сол өңірлерден 5 мектеп, 6 сынып, 145 білім алушы және 5 педагог қатысты. Қатысушылар туралы толық мәлімет 2.16-кестеде көрсетілген.


2.2.3-кесте. «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, Fabuli оқулығы апробациясына қатысқан білім беру ұйымдарының тізімі

№	Өңірлер	Мектеп атауы	Сынып тар	Педагогтің аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар саны
1	Жамбыл облысы	Төле би атындағы №8 гимназия Тараз қ.	1 «Г»	Садыкова Г.	қазақ	25
2	Батыс Қазақстан облысы	«Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназия» КММ, Орал қаласы	1 «А», 1 «Б»	Лобикова Е.В.	орыс	63
3	Қостанай облысы	«А.М. Горький атындағы гимназия» ММ Костанай қаласы»	1 «А»	Филинкова Л.С.	орыс	19
		«Ш. Уәлиханов атындағы Әуликөл орта мектебі» ММ Әуликөл ауылы	1 «А»	Кульмагамбетов Р.Б.	қазақ	10
4	Шымкент қаласы	О.А.Жолдасбеков атындағы № 9 лицей	1 «Б»	Джумабеков а А.А.	орыс	28
	Барлығы	5	6	5	қазақ/орыс	145

Кесте сандық деректерді ғана емес, сонымен қатар сапалық мәліметтерді да көрсетеді: мектеп атаулары, педагогтардың аты-жөні, оқыту тілі. Қостанай облысында осы оқулықты апробациялауға 2 мектеп, қалған өңірлерде бір мектептен қатысты. 6 бірінші сыныптардың ішінде 2 сынып қазақ тілінде, 4 сынып орыс тілінде оқытылатыны көрсетілген. Барлық 5 респондент оқулықтың құрылымы мен мазмұны бойынша мониторинг бағытын талдап, әр критерий бойынша өз бағасын ұсынды.

1. Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану) критерийі бойынша респонденттер тарапынан өте жоғары бағаланды. «Толық сәйкес» деп 5 респонденттің 4-еуі, «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент бағалаған.

Яғни, бұл оқулық құрылымына байланысты қойылған талаптардың барлығына сәйкес келеді дегенді білдіреді (2.35-сурет).




2.35-сурет

2. *Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы* критерийі бойынша педагогтер пікірі үшке бөлінді:

- кейбір педагогтар бөлімдер бойынша оқу материалының көлемі нормаларға сәйкес келеді және оңтайлы болып табылады деп санайды;
- басқа педагогтар оқу материалының көлемі жоғары деңгейде талаптарға сәйкес келеді деп бағалайды;
- педагогтердің үшінші тобы бөлім бойынша оқу материалының көлемі ішінара оңтайлы екендігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша бағалаудың пайыздық мөлшерлемесі 2.36-суретте көрсетілген.


Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы



2.36-сурет

3. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнын мониторингілеу критерийлерінің бірі оқу материалының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі болып табылады, бұл оқу процесінде сөзсіз маңызды рөл атқарады. Респонденттердің осы критерий бойынша жауаптары жеткілікті деңгейде тұрақты және жоғары баға болып табылды. Бұл оқу материалы респонденттер оларға ешқандай кінәраттарды көрмейтіндей етіп жасалғанын білдіреді, яғни барлық респонденттер оқу материалы оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігін көрсетті (2.37-сурет).

Оқу материалының психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі




2.37-сурет

4. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнын апробациялау мониторингі жүргізілген тағы бір критерий оқу материалын мазмұндау логикасы,

сондай-ақ оқу материалының бөлімдер бойынша сабақтастығы болып табылады. Бұл критерийді талдау бойынша педагогтардың пікірлері бөлінді, бірақ ол соншалықты кардиналды емес. Оқу материалын баяндау логикасы аз дәрежеде сәйкес келеді деген пікір бар. Респонденттер осы критерий бойынша «толық сәйкес келеді», «ішінара сәйкес келеді» деген баға берді. Бұл оқу материалын тұтастай мазмұндау логикасы және оқу материалының бөлімдер бойынша сабақтастығы әрдайым қажетті талаптарға сәйкес келмейді дегенді білдіреді (2.38-сурет).


Оқу материалын мазмұндау логикасы



2.38-сурет

5. Қазақстандық компоненттің бейнеленуі оқулық мазмұнының критерийлерінің бірі ретінде талданды. Алдыңғы оқулықтармен салыстырғанда осы оқулықта апробацияға қатысқан респонденттер оның

Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің бейнеленуі



2.39-сурет


мазмұнында қазақстандық компонентті жоғары бағалады. Жалпы, респонденттердің пікірлері оң. Респонденттердің жауаптары 2.39-суретте көрсетілген.

6. *Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттар мен жағдайларға байланыстылығын қамтамасыз ету* критерийі бойынша оқулықта ғылыми және қол жетімділік принципі сақталған, оқу тапсырмалары өмірлік шарттар мен жағдайларға бағытталған болуы тиіс. Респонденттер жауабы үш санатқа бөлінді:

- «толық сәйкес келеді»;
- «көп дәрежеде сәйкес келеді»;
- «ішінара сәйкес келеді».

Респонденттер жауабының 60%-ы ғылыми және қол жетімділік принципі және оқу тапсырмалары өмірлік шарттар мен жағдайларға негізделгендігі туралы қойылған талаптарға толық сәйкес келеді деп көрсетеді. 20% педагогтер бұл критерий көп дәрежеде сәйкес келеді деп, ал қалған 20% педагог ішінара сәйкес келеді деп көрсеткен (2.40сурет).

Ғылыми және қол жетімділік принципін сақталуы




2.40-сурет

7. *Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы* оқулық мазұны мен құрылымы бағытындағы соңғы критерий болып табылады. Талдау нәтижелері оқулықтағы әр түрлі қателіктер мен дәлсіздіктердің болуы туралы мәліметтерді ашады. Бұл критерий бойынша педагогтер жауаптары үш санатқа бөлінді:

- «толық сәйкес келеді»;
- «көп дәрежеде сәйкес келеді»;
- «аз дәрежеде сәйкес келеді».

Бұл көрсеткіштер оқулықтың мазмұнында қателіктер мен дәлсіздіктер жоқ, бірақ белгілі бір дәрежеде кейбір қателіктердің бар екендігін анықтайды (2.41-сурет).

Оқулық мазмұнында қателер мен дәлсіздіктің болмауы



2.41-сурет

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, Fabuli оқулығы мазмұны мен құрылымы бағытындағы барлық жеті критерий бойынша талдаудан өткізілді. Талдау нәтижелері оқулық мазмұны мен құрылымына қойылған барлық

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, Fabuli оқулығы құрылымы мен мазмұны



2.42-сурет


талаптарға сәйкес екендігін көрсетті. Респонденттер бұл бағытта өте жақсы пікір беріп, 80%-дан 100%-ға дейін «оң» бағалады «Аз дәрежеде сәйкес келеді» деген баға көрсеткен жалғыз критерий - бұл оқу материалын тараулар бойынша мазмұндау логикасы, алайда жауаптардың осы санатының пайызы 20%-ды құрады. Қалған критерийлер бойынша респонденттер жауаптары «толық сәйкестік», «көп дәрежеде сәйкестік» және «ішінара сәйкестік»

санаттарын көрсетті. Сонымен апробация нәтижесі бұл оқулық бойынша теріс жауап көрсеткен жоқ (2.42-сурет).

1-сынып білім алушылары үшін жаңартылған білім мазмұнындағы «Неміс тілі» оқулығы апробациясы мониторингінің бір бағыты «Оқулық мазмұны мен құрылымы» бойынша 3 баспаның оқулығы да талданды. Апробацияға қатысқан әрбір оқулыққа жеке-жеке баға беріліп, талдау жасалды.

Үш оқулықтың құрылымы мен мазмұны бойынша салыстырмалы сипаттама респонденттердің жауаптарын көрсетеді, олардың ішінен оқулықтардың құрылымы мен мазмұнына талдау жасалады. Талдау нәтижесін сандық және пайыздық көрсеткіште 2-43-суреттен көруге болады. Келесі критерийлер бойынша салыстырмалы талдау нәтижелерін көруге болады:

- ✓ оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі;
- ✓ бөлім бойынша оқу материалының оңтайлығы;
- ✓ оқу материалының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- ✓ оқу материалын мазмұндау логикасы.



2.43-сурет

2.43-суретте «Hueber Verlag» баспасының «Jana und Dino» және «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулықтарының құрылымы мен мазмұны 100% қойылған талаптарға жауап беретіні көрсетілген. Аталған екі оқулық бойынша апробацияға қатысқан респонденттер «толық сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген баға берген, ал «EduStream» баспасының «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығын апробациялау бойынша респонденттердің 72%-ы талаптарға сәйкестігін атап өтті, бірақ респонденттердің 28% - ы аз дәрежеде сәйкестікті көрсетті.

Бөлім бойынша оқу материалының оңтайлығы критерийі бойынша жалпы үш оқулықта жоғары бағаға ие болды. Оның ішінде «Jana und Dino» және «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулықтары 100%, ал «Fabuli» оқулығы 80% сәйкестікпен бағаланған.

Оқу материалының білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі бойынша жоғары бағаға «Fabuli» оқулығы ие болды 100%.


Оқу материалын мазмұндау логикасы критерийі жалпы барлық оқулық бойынша біркелкі оң бағаланды. Бағалау шегі 80%-86% аралығында.

Оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы келесі критерийлер:

- ✓ оқулықта қазақстандық компоненттің бейнеленуі;
- ✓ ғылыми және қол жетімділік принципін сақталуы;
- ✓ қателер мен дәлсіздіктердің болмауы (2.44-сурет).

Бұл критерийлер бойынша респонденттердің жауаптары айтарлықтай ерекшеленбейді. Десе де бұл критерийлер бойынша «Fabuli» және «Jana und Dino» оқулықтарымен салыстырғанда «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығының бағасы төмен болды: яғни,

- ✓ оқулықта қазақстандық компоненттің бейнеленуі - 72%;
- ✓ ғылыми және қол жетімділік принципін сақталуы - 71%;
- ✓ қателер мен дәлсіздіктердің болмауы - 58% құрады.



«Неміс тілі» пәні бойынша 1-сыныптарда апробацияға қатысқан оқулықтардың мониторингі бағытының бірі оқулық құрылымы мен мазмұны негізінде жасалған жоғарыдағы талдау нәтижелерінен мынадай **қорытынды** жасалады:

❖ көп жағдайда респонденттердің жауаптары оң бағаланған және жауаптар 80% – 100% құрайды;

❖ «Fabuli», «Jana und Dino» және «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулықтарының барлық критерийлері бойынша жауаптардың оң үрдісі байқалады (80% – 100%) аралығында;

❖ респонденттердің біраз бөлігі, «EduStream» баспасының «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығын қателер мен дәлсіздіктердің болмауы және ғылымилық пен қол жетімділік принципін сәйкестігі критерийлері бойынша төмен баға берген, яғни жауаптары 58% және 71% көрсеткен.

Мониторингтің келесі бағыты **«Оқу материалының әдістемелік жағы»**, бұл бағыт бойынша да апробацияға қатысқан үш оқулық 7 критерий негізінде жан-жақты талданып бағаланды. Критерийлер бағасы жоғары 5 балл, төмен 1 балл болып белгіленген. Критерийлер қатары 2.17-кестеде көрсетілген.

2.17-кесте. Оқу материалының әдістемелік жағы бағытының критерийлері

№	Критерийлер	Барлық респонденттер	Балл (жағары – 5, төмен - 1)
1	Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі		
2	Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы		
3	Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы		
4	Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау		
5	Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы		
6	Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы		
7	АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы		

Авторлары **Manuela Georgiakaki, Michael Priesterth**, баспасы **Hueber Verlag, «Jana und Dino»** оқулығы.

1. Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша респонденттер тарапынан оң, әрі жоғары 5 баллмен бағаланды. Барлық педагогтер оқулықтағы оқу тапсырмалары білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылғандығын көрсетті.

2. *Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы* критерийі бойынша да оқулық педагогтер тарапынан жоғары бағаланды. Бұл баға оқулықта тапсырмалар әртүрлі деңгейде берілген, сонымен қатар практикалық-бағытталған, эксперименттік және зерттеу тапсырмаларына бөлінген деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

3. *Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы* критерийі бойынша педагогтер оқулықта дамытушы, оқыту және тәрбиелеуші тапсырмалар бар деп, оқулықтың осы критерий бойынша сәйкестігін білдіретін ең жоғары баға берді (2.45-сурет).




2.45-сурет

4. *Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау* критерийі тілдік пәндердің ерекшелігі болып табылады. Бұл критерий бойынша педагогтер пікірі «толық сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген санатқа бөлінді. Респонденттердің 60%-ы «толық сәйкес келеді» деп көрсетсе, 40%-ы «көп дәрежеде сәйкес келеді» деп көрсетті. Бұл көрсеткіш аталған критерий бойынша оқулық жоғары бағаланды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

5. *Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы* критерийі бойынша 4 педагог толық сәйкестікті, 1 педагог көп дәрежедегі сәйкестікті көрсетті. Пайыздық мөлшерлемеде 80% және 20% құрады (2.46-сурет).


Диаграммада көрсетілген нәтижелерге сәйкес жалпы оқулықта сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалар бар, тапсырмаларда лексика-грамматикалық минимум сақталады деген

қорытынды шығады. Оқулықта сын тұрғысынан ойлауды дамыту бойынша тапсырмалар берілгендігін, сонымен қатар өз бетінше орындау үшін тапсырмалары да қарастырылғандығын атап өтті.



2.46-сурет

6. Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы критерийі жалпы оң бағаланды. Яғни оқулықта жаңартылған білім мазмұны қарастыратын топтық және жеке орындауға арналған, коммуникацияны қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың бар екендігін көрсетті. Бағалау көрсеткіші өте жоғары 5 және жеткілікті деңгейде жоғары 4 деген баллды құрады (2.47-сурет).



2.47-сурет

7. АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы критерийі бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Педагогтер АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар және жаттығулар жүйесінің бар екендігін көрсетті. Бірақ оқулықта берілген тапсырмалар оқу материалының әдістемелік жағына толық жауап бермейді. Апробацияға қатысқан респонденттердің 3-еуі «толық сәйкес», 1 респондент «аз дәрежеде сәйкес» және тағы 1 респондент «көп дәрежеде сәйкес» деген жауап көрсетті. Пайыздық мөлшерлемеде сәйкесінше 60%/20%/20% құрады (2.47-сурет).

Осылайша 2.47-суреттегі талдау нәтижелері оқулық жеке, топтық қызметті ұйымдастыру үшін тапсырмаларды көздейді және осы критерийге іс жүзінде сәйкес келеді, яғни, берілген тапсырмалар білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытады дегенді білдіреді. Сонымен қатар жалпы АКТ-құзыреттілігін дамыту үшін тапсырмалар бар, бірақ саны мен сәйкестігі жеткіліксіз деңгейде екендігін көруге болады.

Авторлары **Manuela Georgiakaki, Michael Priesterth, Hueber Verlag** баспасы, «**Jana und Dino**» оқулығының жалпы әдістемелік жағының сипаттамасы 2.48-суретте көрсетілген.

Hueber Verlag баспасы «Jana und Dino» оқулығының әдістемелік жағы бойынша жалпы сипаттамасы

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

100% толық сәйкес

Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы

100% толық сәйкес

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы



2.48-сурет

Жоғарыда көрсетілген оқулықтың әдістемелік жағының жалпы сипаттамасына сүйене отырып, жалпы оқулық АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін тапсырмалар мен жаттығулар бойынша критерийден басқа, әдістемелік талаптарға сәйкес келеді деген **қорытынды** жасауға болады.

Оқулықтың әдістемелік жағының оң үрдісі төмендегі критерийлер бойынша екі санатта байқалады:

✓ «толық сәйкес келеді»

- оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы;
- дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы.

✓ «көп дәрежеде сәйкес келеді»


- сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау;
- сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы;
- білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы.

Педагогтер АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы критерийі бойынша сәйкестіктің аз екендігін көрсетті. Бұл көрсеткіш назар аударуды қажет етеді. Жалпы апробация

мониторингі оқулықтың әдістемелік жағына қойылатын талаптарға оқулық сәйкес екендігін көрсетті.

Авторлары M.Latyjewa, O.Gutbrod, N. Koslowa, W.Rasumowa, EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығының әдістемелік жағы алдыңғы оқулық қарастырылған критерийлер бойынша жүргізілді. Сауалнамаға 7 респондент қатысты.


1. Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша сауалнамаға 2 педагог толық сәйкес, 2 педагог көп дәрежеде сәйкес, 2 педагог ішінара сәйкес және 1 педагог сәйкес емес деп жауап берген. Бұл критерий бойынша жалпы сәйкестік толық және көп дәрежеде сәйкес деген санапен 58% құрады.



2.49-сурет

Сонымен қатар апробацияға қатысушылар ішінара сәйкестіктің бар екендігін көрсетті, ол 29% құрады. Критерийге сәйкес еместігін 13% педагог көрсеткені алаңдататын факт болып табылады (2.49-сурет).

2. Әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы критерийі белгілі бір дәрежеде сәйкестік анықталды. Сәйкестік дәрежесі «толық», «көп дәрежеде», «ішінара» және «аз дәрежеде» санаттарында сипатын тапты (2.50-сурет).




2.50-сурет

- ✓ «толық сәйкес» деп 3 респондент - 43%;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «ішінара сәйкес» деп 2 респондент - 29%;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14% көрсетті.

3. *Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы* критерийі бойынша педагогтер пікірі оң және айтарлықтай теріс пікір көрсетті. Респонденттердің пікірі бойынша 72% педагогтер оқулықта дамытушы, оқыту және тәрбиелеуші тапсырмалардың бар екендігіне және олардың талапқа сәйкес екендігіне оң баға беріледі. Яғни толық сәйкестікті 43%, көп дәрежеде сәйкестікті 29% педагог көрсетті. Сонымен қатар бұл критерий бойынша оқулықта тапсырмалар ішінара сәйкес деген пікірді 14%, аз дәрежеде сәйкес деген пікірді 14% педагог көрсетті (2.51-сурет).

4. *Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау* критерийі бойынша бағалау толық және көп дәрежеде, сондай-ақ аз дәрежеде сәйкестікті анықтады. Оң бағаның артықшылығы аз болса да, бірақ аз дәрежедегі сәйкестік фактісін ескеру қажет. Толық және көп дәрежеде сәйкестікті 4 педагог көрсетті, 3 педагог аз дәрежеде сәйкестікті көрсетті. Одан сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыратын жаттығулар мен тапсырмалар саны жеткілікті деңгейде мес екендігі, сондай-ақ лексика-грамматикалық минимум әрқашан сақтала бермейтіндігі туралы айтуға болады (2.51-сурет).




2.51-сурет

2.51-суреттен оқулық авторларына сөйлеу іс-әрекетін қалыптастыру дағдылары бойынша тапсырмалар мен лексика-грамматикалық минимумның сақталуы бойынша тапсырмалардың болуына назар аударуы қажет екендігін көруге болады. Бұл критерий бойынша сәйкестің дәрежесі аз деп көрсетіп, жалпы бағалаудың 43% құраған.

5. *Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы* критерийі бойынша респонденттер оқулықта осындай жаттығулар мен тапсырмалар болса да, олар барлық бөлімдерде емес, сыни ойлауды қалыптастыруға әрдайым сәйкес келмейді және олардың барлығы өз бетінше орындауға бағытталған емес деп санайды. Респонденттердің жауаптары келесі санатта сипатын тапты:

- «толық сәйкес» - 3 педагог, яғни 43%;
- «көп дәрежеде сәйкес» - 1 педагог, яғни 14%;
- «аз дәрежеде сәйкес» - 3 педагог, яғни 43% құрады (2.52-сурет).


Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы



2.52-сурет

6. Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы критерийі бойынша респонденттер пікірі төмендегідей көрініс тапты:

- ✓ «толық сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 3 респондент - 43%;
- ✓ «ішінара сәйкес» деп 2 респондент - 29%;
- ✓ «сәйкес емес» деп 1 респондент - 14% көрсетті.



2.53-сурет

Бұл бағалаудан педагогтер пікірінің оң және теріс бағаға бөлінгенін көруге болады. Бірақ сәйкестік бойынша оң пікір белгілі бір дәрежеде басым екендігі байқалады және жалпы 57% құрайды, десе де 1 респондет көрсетілге критерийді теріс бағалаған. Бұл жалпы бағалаудың 14% құрайды (2.53-сурет).

7. АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы критерийі бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Респонденттер пікірі келесі сипатта көрініс тапты:

- ✓ «толық сәйкес» деп 3 респондент - 43%;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «ішінара сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» деп 2 респондент - 29% көрсетті (2.54-сурет).



2.54-сурет

«Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығының әдістемелік жағын талдау нәтижелері негізінде оқулық барлық критерийлерге толық сәйкес келмейді деген **қорытынды** шығады. Оқулықтың әдістемелік жағынан жалпы салыстырмалы сипаттамасы 2.55-суретте көрсетілген.

Респонденттер апробация барысында оқу тапсырмалары әдістемелік жағынан екі критерий бойынша сәйкес келмейтінін анықтады:

- білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктері бойынша оқу тапсырмаларының болуы (13%);

- білім алушылардың жеке, топтық іс-әрекеті үшін жаттығулар мен тапсырмалардың болуы және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияның болуы (14%).

Демек, осы оқулықтың авторлары осындай жаттығулардың болуына назар аудару керек (2.55-сурет).

EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығының әдістемелік жағы бойынша жалпы сипаттамасы

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

29%	29%	29%	0%	13%
толық сәйкес	көп дәрежеде сәйкес	ішінара сәйкес	аз дәрежеде сәйкес	сәйкес емес

Әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы

43%	14%	29%	14%	0%
толық сәйкес	көп дәрежеде сәйкес	ішінара сәйкес	аз дәрежеде сәйкес	сәйкес емес

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы

43%	29%	14%	14%	0%
толық сәйкес	көп дәрежеде	ішінара сәйкес	аз дәрежеде	сәйкес емес

	сәйкес		сәйкес	
Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау				
14% толық сәйкес	43% көп дәрежеде сәйкес	0% ішінара сәйкес	43% аз дәрежеде сәйкес	0% сәйкес емес соответствует
Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы				
43% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	0% ішінара сәйкес	43% аз дәрежеде сәйкес	0% сәйкес емес
Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы				
14% толық сәйкес	43% көп дәрежеде сәйкес	29% ішінара сәйкес	0% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы				
43% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	14% ішінара сәйкес	29% аз дәрежеде сәйкес	0% сәйкес емес

2.55-сурет

Қалған параметрлер бойынша оқулық әдістемелік тұрғыда белгілі бір дәрежеде сәйкес келеді. Бірақ респонденттердің бағасы «толық сәйкес келеді», «көп дәрежеде сәйкес келеді», «ішінара сәйкес келеді», «аз дәрежеде сәйкес келеді» деген санаттардан тұрды, сондықтан оқулық авторларына «ішінара сәйкес келеді» деген бағалау түрлеріне назар аударуы қажет:

- әртүрлі деңгейдегі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы;
- дамытушы, оқыту және тәрбиелеуші оқу тапсырмаларының болуы;
- білім алушылардың жеке, топтық іс-әрекеті үшін жаттығулар мен тапсырмалардың болуы және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияның болуы;
- АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар жүйесінің болуы.

Сондай-ақ респонденттер бағасының тағы бір санаты «аз дәрежеде сәйкес келеді» деген бағалау болды. Аталған бағалау «сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың болуы және лексика-грамматикалық минимумды сақтау» критерийіне қатысты көрсетілді.

Әдістемелік жағынан талдау жүргізілген 3-ші оқулық «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, Fabuli оқулығы. Талдау апараметрлері алдыңғы оқулықтарға сәйкессінше алынды. Сауалнамаға өатысқан респонденттер саны 5 құрады.


1. Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша сәйкес емес деген пікір болмады. Бірақ сәйкестік дәрежесі әртүрлі екендігі анықталды:

- толық сәйкес деп 3 педагог;
- көп дәрежеде сәйкес деп 1 педагог;

- ішінара сәйкес деп 1 педагог жауап берді.

Яғни, оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес берілгендігін респонденттердің 60%-ы растады, сәйкестіктің көп дәрежеде екендігін 20% және ішінара сәйкес келетіндігін 20% респонденттер растаған.


Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі



2.56-сурет

Диаграмма мәліметтеріне сәйкес, респонденттердің 100% - ы сәйкестікті көрсетеді, бірақ респонденттердің 20% - ы көрсеткен ішінара сәйкестікке назар аудару керек. Бұл сауалнамаға жауап берушілердің бұл бөлігі барлық оқу материалының психологиялық талаптарға сәйкес келмейтініне сенімді екендігін куәландырады.

2. Әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы критерийі әдістемелік тұрғыда өте дұрыс қойылған талап. Жаңартылған білім беру мазмұнында білім алушылар күрделі деңгейдегі әртүрлі тапсырмаларды орындауға жаттығуы қажет. Сол себепті маңызды критерийдің бірі болып табылатын параметр жалпы респонденттер тарапынан оң бағаланды. бірақ 5 педагогтің ішінде 1 респондент мұндай тапсырмалар жеткіліксіз деңгейде екендігін «аз дәрежеде сәйкес» деген бағалаумен көрсетті (2.57-сурет).



Әр түрлі деңгейдегі тапсырманың болуы

2.57-сурет

2.57-суретте әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың оқулықта болуы туралы респонденттердің бағасын әдістемелік талаптарға сәйкес деп есептеуге болады, себебі педагогтер белгілі бір дәрежеде сәйкестікті көрсетті, бірақ авторлар толық сәйкестілікке келтіруі керек.

3. *Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы* критерийі бойынша респонденттер пікірі келесі көріністі тапты:

- толық сәйкес – 3 педагог;
- көп дәрежеде сәйкес – 1 педагог;
- ішінара сәйкес – 1 респондент (2.58-сурет).

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы




2.58-сурет

Респонденттер оқулықта білім алушыларды дамытуға, оқытуға және тәрбиелеуге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулар бар екенін (100%) атап өтті, бірақ 100%-ң барлығы толық сәйкестікті көрсете алмады, бұл респонденттердің кейбір бөлігі оқулықта осындай оқу материалының болуы ішінара сәйкес деп санайды.

4. *Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру*

үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау критерийі бойынша респонденттер толық және ішінара сәйкестікті анықтады. 4 педагог қойылған талапқа «толық сәкес» деп көрсетсе, 1 педагог «ішінара сәкес» деп көрсетті (2.59-сурет).



2.59-сурет


Тілдік пәндерді оқытуда сөйлеу, тыңдау, тыңдау және жазу дағдыларын қалыптастырудың бір жолы оқулықта осы дағдылардың дамуы, қалыптасуы үшін тапсырмалар мен жаттығулардың болуы оқулық мақмұнын бағалаудың маңызды көрсеткішінің бірі болып табылады. Бұдан басқа лексика-грамматикалық минимумды сақтау керек. Жалпы сәкестілік жоғары 80% көрсеткенімен, 20% ішінара сәкестіктің болуы авторлардың толық сәкестікке жеткізуге жұмыс жасауы қажет екенін білдіреді.

5. *Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы* критерийі жаңартылған білім мазмұнының басты талаптарының бірі болып табылады. Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау. Сыни ойлау мынандай жағдайларда болады:

- кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
- кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
- кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);


- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.

Аталған критерий бойынша респонденттер 100% оң бағаланды. Респонденттердің 80% яғни, 4 педагог оқулықта сыни ойлауға бағытталған және өз бетімен жұмыс жасауға арналған тапсырмалардың болуын өте жақсы деп бағалап, толық сәйкестікті көрсетті. 1 педагог көп жағдайда сәйкестік бар деп жақсы бағалаған (2.60-сурет).



2.60-сурет

6. Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы критерийі. Жеке және топтық тапсырмалардың болуы білім алушыларда коммуникативті дағдының қалыптасуына көмектеседі.



2.61-сурет


Жаттығулар мен тапсырмалар оңайдан қиынға, жеңілден ауырға қарай сатыланып, оқушының қабылдау қабілетіне қарай міндетті түрде қиындатылып отырады. Топтық немесе жеке жұмыс – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін білім алушылар тобының бірлесіп немесе жеке жұмыс істеуін білдіреді. Топтық немесе жеке жұмыс оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады. Оқулықта осындай тапсырмалардың болуын респонденттердің 4-еуі толықтай сәйкес деп, ал 20% педагогтер ішінара сәйкес келеді деп көрсеткен (2.61-сурет). Аз болса да ішінара сәйкес деген көрсеткіш алаңдататын фактор болып табылады.

7. АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы. Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік — жалпы білім беру мақсатындағы басты басымдықтардың бірі. Өмірдің өңі өзгеріп, ақпараттық іс-әрекеттің рөлі артады, соның ішінде адам ақпаратты өз бетімен белсенді түрде өңдеп, технологиялық құралдардың көмегімен күтпеген жағдайлардан оңтайлы шешім табуға тырысады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері — жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Осы міндеттің орындалуы оқулықтағы тапсырмалармен айқындалады. АКТ құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалардың болуы туралы респонденттер пікір 3-ке бөлінді:

- толық сәйкес келеді деп 2 педагог;
- көп дәрежеде сәйкес келеді деп 1 педагог;
- ішінара сәйкес келеді деп 2 педагог көрсетті.


АКТ құзыреттілікті дамыту тапсырмаларының болуы




2.62-сурет

Сонымен «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы «Fabuli» оқулығының мазмұны әдістемелік тұрғыдан оқу материалының жалпы және толықтай көрсетілген әдістемелік талаптарға сәйкес келетіндігі анықталды. Респонденттер барлық параметрлер бойынша білім алушылардың қажетті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әр түрлі және күрделілік жаттығуларының болуы бойынша сәйкестігін көрсетті. Әдістемелік тарапқа көрсетілген талаптарды графикалық салыстыру және респонденттердің бағалау критерийлері 2.62-суретте көрсетілген.


Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі




Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы




Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы




Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау




Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы



Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы



Акт-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы



2.62-сурет


Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды талдай отырып, апробацияға

қатысқан 3 оқулық бойынша белгілі бір қорытынды жасауға болады:

➤ **Hueber Verlag** баспасы, «**Jana und Dino**» оқулығы мазмұны тапсырмалар мен жаттығуларға қойылатын әдістемелік талаптарға жалпы сай келеді. Талаптарға сәйкестік толық, ішінара, көп және аз дәрежеде деп бөлінді.

➤ **EduStream Просвещение** баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығы мазмұнын басым көпшілік талаптарға сәйкестік бар десе де, респонденттердің біраз бөлігі екі параметр бойынша теріс баға берді. Яғни оқулық талаптарды 100% орындамаған.

➤ «**Көкжиек-Горизонт**» баспасы, «**Fabuli**» оқулығы ідстемелік тарапынан қойылатын барлық талаптарға сәйкес орындалған деген баға алды. Оқулықтар бойынша жалпы салыстырмалы талдауды 2.63-суреттен көруге болады.




2.63-сурет


2.63-суретте оқулықтың әдістемелік жағы белгілі бір түспен көрсетілген, әрбір түс әдістемелік талапқа сай қойылған параметрлерді білдіреді. Оқулықтардың жалпы бағалануы респонденттердің «толық сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген пікірлері негізінде алынды.

Талдау параметрлері әдістемелік талаптары бойынша кестеден алынған және белгілі бір түсте ұсынылған: .

- Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы
- Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы
- Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру

үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау

 Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы

 Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы

 АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы

Сонымен талдау нәтижесінен мазмұнның әдістемелік жағы бойынша **Hueber Verlag** баспасының «**Jana und Dino**» оқулығында жақсы ашылғаны туралы, көп жағдайда талаптар «**Көкжиек-Горизонт**» ЖШС баспасының «**Fabuli**» оқулығында сәйкес келеді, ішінара сәйкестік **EduStream Просвещение** баспасының «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығы көрсетеді деген қорытынды шығады.

Hueber Verlag баспасы «**Jana und Dino**» оқулығының мазмұны бойынша респонденттер білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне, әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағдарлы, зерттеу, эксперименталдық тапсырмалар мен жаттығулардың, дамытушы, оқыту, тәрбиелеуші жаттығулар мен тапсырмалардың болуына толық сәйкестігін; сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалардың болуын, лексика-грамматикалық минимумның сақталуын; сыни ойлауды және өзіндік жұмысты дамытуға арналған тапсырмалардың болуы және жеке, топтық жұмысқа арналған тапсырмалардың болуы толықтай сәйкес деп көрсетті. Қажетті әдістемелік талаптардың бір ғана параметрі - АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар жүйесінің болуы 80% - ға бағаланды.

EduStream Просвещение баспасы «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығының мазмұны бойынша респонденттер әдістемелік талаптарға сәйкес келмейді деп көрсетті. Жоғарыда көрсетілген әдістемелік жағынан қойылған талаптардың сәйкестігін көрсеткен респонденттердің саны 57%-ден 72%-ге дейін ауытқиды. Бұл барлық респонденттер осы оқулықтың жаттығулары мен тапсырмаларына қойылатын әдістемелік талаптарды оң бағалауда сенімді емес дегенді білдіреді.

«**Көкжиек-Горизонт**» ЖШС баспасы «**Fabuli**» оқулығының мазмұны бойынша респонденттердің пікірінен мынадай жағдай анықталды: респонденттердің оң пікірлері 60% - дан 100% - ға дейін ауытқиды. Жалпы 1 параметр бойынша әдістемелік талаптар 100%, екі параметр бойынша – 60%, төрт параметр бойынша – 80% құрайды.

Оқулықтарды сынаудан өткізудің келесі бағыты *оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың сипаттамасы* болып табылады. Иллюстрация латынның «иллюстро» жарықтандыру сөзінен алынған. Мысалы, кітап сыртына иллюстрациялық суреттер салынады, ол кітаптың мазмұнын аша түсу үшін керек. Кітапты иллюстрациялау графика өнерінің


бір түрі. Кітапты иллюстрациялағанда оның мазмұнына сәйкес суреттер пайдаланылады. Кітап графикасына атақты суретшілер Ә.Қастеев, Қ.Қожықов, Н. Смағұловтар көп еңбек сіңірген. Сондықтан оқулықтың тартымдылығының маңызды параметрінің бірі болып саналады.

Иллюстрациялық материалдар сипаттамасы төрт критерий бойынша талданды:

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы;
- иллюстрациялық материалдың эстетикалығы;
- иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы;
- білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі;

Hueber Verlag баспасы, «**Jana und Dino**» оқулығы бойынша барлық респонденттер оң баға берді. Бағалау 5 және 4 балл шегінде көрініс тапты. Яғни жауаптары «толық сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген санаттарға жіктелді. 4 педагог толық сәйкестікті, 1 педагог көп дәрежеде сәйкестікті анықтады. Пайыздық мөлшерлемеде 2.64-суретте көрсетілген.

«Jana und Dino» оқулығы бойынша иллюстрациялық материалдың сипаттамасы



2.65-сурет


Иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы критерийі бойынша 100% сәйкестікті көрсетіп өте жоғары бағаланды. Басқа төрт критерий бойынша респонденттер пікірі 80% және 20% құрады. Талданып отырған оқулық осы бағытта ұсынылған критерийлер бойынша өте жоғары бағаланды.

Дәл осындай талдау **EduStream Просвещение** баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығына да жүргізілді. Талдау нәтижесі респонденттер пікірінің әр түрлі екенін көрсетті. Педагогтер жауабы үш санатқа бөлінді:

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы және қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша 4 респондент «*толық сәйкестік*» деп;

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы және қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша 1 респондент «*ішінара сәйкестік*» деп;

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы және қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша 2 респондент «*сәйкес емес*» деп көрсетті (2.66-сурет).



2.66-сурет

Оқулықтың иллюстрациялық материалына қойылатын талаптарды респонденттер қарап, 5 балдық жүйе бойынша бағалаған, онда 5 балл «толық сәйкес келеді», 4 балл «көп дәрежеде сәйкес келеді», 3 балл «ішінара сәйкес келеді», 2 балл «аз дәрежеде сәйкес келеді», 1 балл «сәйкес келмейді» деген баға көрсетеді.


2.66-суреттен барлық параметр бойынша сәйкес келмейді деген бағаны көруге болады. Респонденттердің 14% төмен баға берген. Бұл фактіге оқулық авторларына назар аудару қажет. Демек, барлық иллюстрациялар мәтінмен сәйкес келмейді, эстетикалық көрінеді, иллюстрациялардың көлемі әрдайым оңтайлы емес, олар пәнге деген қызығушылықтың артуына ықпал етпейді деген пікір қалыптастырады.

Иллюстрациялық сәйкестік бойынша сынамадан өткен келесі оқулық «**Көкжиек-Горизонт**» баспасы, «**Fabuli**» оқулығы. Талдау нәтижесі респонденттер пікірінің әр түрлі екенін көрсетті. Педагогтер жауабы үш санатқа бөлінді:

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы 3 педагог, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы 3 педагог, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы 4 педагог және қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша 4 респондент «*толық сәйкестік*» деп;

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы 1 респондент, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы 1 респондент «*көп дәрежеде сәйкес*» деп;

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы 1 респондент, иллюстрациялық материалдың эстетикалығы 1 респондент респондент «*ішінара сәйкестік*» деп көрсетті (2.67-сурет).



2.67-сурет

Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы және иллюстрациялық материалдың эстетикалығы параметрлері бойынша толық сәйкестік 60%, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы және қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша толық сәйкестік 80% құрады.

Сонымен қатар кейбір респонденттердің пікірі негізінде мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы және иллюстрациялық материалдың эстетикалығы параметрлері бойынша ішінара сәйкестік 20%

құрады.

Респонденттердің пікірі бойынша оқулық иллюстративті материалы параметрлеріне қойылған талаптарға жалпы сәйкес келеді.

Дегенмен респонденттер бағасын салыстыру барысында оқулықтардың талаптарға сәйкестігі үнемі сақтала бермейтіні анықталды. Көрсетілген критерий бойынша сәйкестікті салыстыру тек «толық сәйкес» деген бағалау көрсеткіштері арқылы жүргізілді (2.68-сурет).

Оқулықтың иллюстративті материалын салыстыру сипаттамасы

Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы

80% Hueber Verlag баспасы «Jana und Dino» оқулығы	57% EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы	60% «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы «Fabuli» оқулығы
--	---	---

Иллюстрациялық материалдың эстетикалығы

80% Hueber Verlag баспасы «Jana und Dino» оқулығы	57% EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы	60% «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы «Fabuli» оқулығы
--	---	---

Иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы

100% Hueber Verlag баспасы «Jana und Dino» оқулығы	57% EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы	80% «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы «Fabuli» оқулығы
---	---	---

Қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі

80% Hueber Verlag баспасы «Jana und Dino» оқулығы	57% EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы	80% «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы «Fabuli» оқулығы
--	---	---

2.68-сурет

Оқулықтың иллюстрациялық материалдарға қойылған талаптарға сәйкестігі орташа есеппен:

- Hueber Verlag баспасы, «Jana und Dino» оқулығы - 85%;
 - EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы - 57%;
 - «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, «Fabuli» оқулығы - 70%
- құрады.

Орташа бағалау «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы бойынша айтарлықтай төмен, сондықтан авторлар бұл көрсеткішке назар аударуы қажет.

Иллюстрациялық материал бағытындағы критерийлердің ішінде 100% баға алған «Иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы». Бұл критерий

бойынша жоғары көрсеткішті **Hueber Verlag** баспасы, «**Jana und Dino**» оқулығы алған. Сондай-ақ осы оқулық «Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы», «Білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі», «Иллюстрациялық материалдың эстетикалығы» критерийлері бойынша жеткілікті деңгейде жақсы бағаланған, яғни 80%.

«**Fabuli**» оқулығы «*иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы*», «Білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі» критерийлері бойынша 80%, «Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы», «Иллюстрациялық материалдың эстетикалығы» критерийлері бойынша 60% жақсы деген бағамен бағаланды.

Жазбаша ғылыми сөйлеу тілінің ең тән ерекшелігі материалды баяндаудың формальды-логикалық тәсілі болып табылады. Бұл сөйлеу құралдарының барлық жүйесінде өз өрнегін табады. Ғылыми баяндау, негізінен, мақсаты ақиқат фактілерін зерттеу нәтижесінде анықталған ақиқатты дәлелдеу болып табылатын пайымдаулардан тұрады.

Оқулық мәтініне мағыналық аяқталуы, тұтастығы және байланыстылығы тән. Логикалық байланыстарды білдірудің маңызды құралы бұл жерде ойдың даму дәйектілігін, қарама-қайшы қарым-қатынастарды, себеп-салдарлық қатынастарды, бір ойдан екіншісіне ауысуды, қорытындыны, бекітуді көрсететін арнайы функционалдық-синтаксистік байланыс құралдары болып табылады.

1-сыныптарда «Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндері оқулықтары апробациясының мониторингінің тағы бір маңызды бағыты **«Оқу материалын баяндау тілі мен стилі»**.

Баяндау тілі сөйлеу түсінігін болжайтын, ой өрнегінің айқындығы сияқты сөйлеу сапасымен тығыз байланысты. Ол сөздерді, сөз тіркестерінің терминдерін, грамматикалық құрылымдарды дәл және бір мағыналы пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Қол жетімділік (немесе табыстылық)– бұл материалдың түсінікті болуы, білім алушыны қызықтыру сапасы. Оқулықтағы қол жетімділік-бұл ғылыми баяндаудың ауызекі құралдармен шебер үйлесімі.

Анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы:

* теориялық мәліметтерді дәлелді және қол жетімді баяндау, мазмұндық негізде түсініктерді қалыптастыру, көрнекілікті кеңінен қолдану, ақылға сүйену, математикалық ойлау мен зияткерлік қабілеттерін қалыптастыру үшін негіз ретінде интуиция мен қиялдың ролін арттыру;

* адамның жалпы мәдениеті негізінде жатқан математикалық түсініктердің кең ауқымын құру;

* іскерлікті қалыптастыруға, сондай-ақ тиімді ақыл-ой дамуына, сондай-ақ алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану қабілетіне ықпал ететін түрлі практикалық қызметті ұйымдастыру;

* спираль бойынша курс мазмұнын құрылымдау, бұл жаңа деңгейдегі

зерттелген материалға қайта оралуға, білімді жаңа байланыстарға қосуға, оларды жүйеде қалыптастыруға мүмкіндік береді;

* жеке тұлғаға бағытталған мазмұндау стилі, қазіргі заманғы сюжеттерді, оқушылардың өмірлік тәжірибесіне жақын, теорияға және есеп материалына тарту, бұл математикамен айналысуға нәтижелі уәждемені жасау құралы болып табылады;


* әр оқушыға курсты меңгеруде оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін деңгейлеп дифференциациялау технологиясын жүзеге асыру.

Оқулықтардың әдістемелік аппараты оқушылардың материалды меңгеру деңгейін саналы таңдау қабілетін, оқу әрекетінің жеке траекториясын қалыптастыруға бағытталған. Оған жаттығулар жүйесінде А және Б топтарының бөлінуі ықпал етеді. Пунктке жаттығулар А (базалық деңгей) және Б (жоғары деңгей) топтарына бөлінген; тапсырмалардың күрделілік диапазоны дайындықтың әртүрлі деңгейлері бар оқушылармен жұмыс істеу үшін кең және жеткілікті. Мәтінде және жаттығулар жүйесінде оқушының оқу жұмысына қатысуына көмектесетін шешім, кеңестер, кеңестер үлгілері берілген.

Сондықтан оқулықтың баяндау тілі мен стилі өте маңызды талаптардың бірі болып табылады. Осы мәселелерді ескере отырып, баяндау тілі мен стилі бағыты екі негізгі критерий бойынша талданды:

- Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі;
- Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы.

Респонденттер «**Jana und Dino**» баспасы, **Hueber Verlag** оқулығына оң пікір білдірген. Апробацияға қатысқан 5 респонденттің 4-еуі бірінші параметр бойынша «толық сәйкестікті», 1-еуі «көп дәрежеде сәйкес» деп бағалаған. Екінші параметр бойынша 3 респондент толық деп, 2 респондент көп дәрежеде деп бағалаған(2.69-сурет). Оқулық екі параметр бойынша да қойылған талаптарға сәйкес келетіні анықталды.




EduStream Просвещение баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығын 7 респондент пайдаланған. Педагогтер оқулықтың баяндау тілі мен стилін 5, 4, 3 және 2 деген баллдармен бағалаған. Берілген балл сәйкесінше 4 санатқа жіктелді, яғни:

- ✓ «толық сәйкес» - 5 балл;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» - 4балл;
- ✓ «ішінара сәйкес» - 3 балл;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» - 2 балл.

Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі критерийі бойынша 3 педагог «толық», 1 педагог «көп дәрежеде», 1 педагог «ішінара» және 2 педагог «аз дәрежеде» сәйкестіктерін көрсетті.

Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы критерийі бойынша 1 педагог «толық», 1 педагог «көп дәрежеде», 4 педагог «ішінара» және 1 педагог «аз дәрежеде» сәйкестіктерін көрсетті (2.70-сурет).




2.70-сурет

2.70-суреттен ең жоғары көрсеткіш баяндау тілінің сауаттылығы бойынша жалпы оң баға 57%, ал анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы бойынша 28% құрайтынын көруге болады.

Респонденттердің жартысы яғни 58% терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық-әдістемелік аппарат оқулықта ішінара ашылатынын атап өтті.

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасы, «Fabuli» оқулығын барлығы 5 респондент бағалады. Оқу материалының баяндалу тілі мен стилі педагогтер тарапынан жалпы жақсы бағаланған. Берген бағалары 5, 4 және 2 деген баллдармен сипатталды. Жауаптары толық, көп дәрежеде сәйкес және аз дәрежеде сәйкес деген санттарға жіктеледі.


Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі және Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы критерийлері бойынша 1 педагог пікірі ғана теріс баға позициясындағ яғни аз дәрежеде сәйкес деген бағалау. Екі критерий бойынша да 2 педагог толық, 2 педагог көп дәрежеде сәйкес деген бағалау берген (2.71-сурет).



2.71-сурет

2.71-суреттен педагогтерің пікірі екі параметр бойынша бірдей болғанын көреміз. Жалпы оң баға екі критерий бойынша 80% құрады.

Барлық үш оқулық бойынша оқу материалын мазмұндау тілі мен стилін бағалау бойынша респонденттердің жауаптарын салыстыра отырып, респонденттер осы бағытты бағалауға жауапкершілікпен қарағаны туралы **қорытынды** жасауға болады. Үш оқулықтың салыстырмалы көрінісі 2.72-суретте ұсынылған.



2.72-сурет

Сондай-ақ талдау нәтижесі *Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі және Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы* параметрлері үш оқулықта да жалпы талапқа сай екендігін анықтады. Десе де **EduStream Просвещение** баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығы көрсеткіштері авторлардың ары қарай толық сәйкестікке жеткізулері қажет екендігін ескертеді.

Оқулықтармен бірге апробацияға әр оқулық (ОӘК) бойынша тағы да оқу-әдістемелік кешендер кірді. ОӘК сипаттамасы қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілді.

Оқу пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) – бұл білім беру технологиясын әдістемелік және әдістемелік қамтамасыз ету. ОӘК оқу жоспарының орындалуын қамтамасыз ететін технологиялық принцип бойынша оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған. ОӘК жаңартылған білім беру мазмұнының тұжырымдамасына сәйкес құрылған және білім беру стандарттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

ОӘК құру мақсаты-жекелеген әдістемелерді пайдалана отырып, оқытудан технологиялық білімге көшу. ОӘК-бұл (латын тілінен «кешен» - бір бүтін кешенді құрайтын объектілер мен құбылыстардың жиынтығын білдіреді) оқыту технологиясы мен құралдарынан тұратын кешен.

ОӘК оқу үдерісін педагогикалық қамтамасыз ету міндеттерін тұтас және сапалы шешу үшін қызмет етеді. Өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерден тұратын педагогикалық жүйенің мәніне сүйене отырып: оқытудың мақсаты, мазмұны, дидактикалық құралдары және ұйымдастырушылық формалары, ОӘК – бұл педагогикалық жүйенің барлық элементтерінің жиынтығы, бұл тұтастық береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында ОӘК:

- Оқулыққа әдістемелік басшылық,
- Жұмыс дәптері,

Оқу компонентінің негізгі элементтері оқулықтар мен оқу құралдары, баспа негізіндегі жұмыс дәптерлері, есептер, атластар, контурлық карталар, хрестоматиялар, электрондық қосымшалар болып табылады.

Көмекші ресурстарға сөздіктер, анықтамалықтар, оқуға арналған кітаптар, оқу-көрнекі құралдар, бейнефильмдер және білім беру мақсатында құрылған Интернет-ресурстар жатады. Қосымша ресурстар энциклопедиялар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, бейне және фотоматериалдар коллекциялары, дамытушы ойындар құрайды.

ОӘК ішінде оқу құралдарының өзара әрекеттесуін ұйымдастыру-оқулықтағы сілтемелердің көмегімен (мысалы, хрестоматияға, жұмыс дәптеріне, атласқа және керісінше), сондай-ақ танымдық тапсырмалар жүйесі арқылы шешілетін оқу компонентінің міндеттерінің бірі. ОӘК оқу компонентінде орталық орынды оқулық алады.

Оқушылардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалары бар оқу құралының түрлері түсінілетін баспа негіздегі жұмыс дәптері. Дәптер дербес

қызметті басқару, Оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруда әдістемелік көмек көрсету, ОӘК элементтерін интеграциялау функцияларын орындайды (бірінші кезекте: бағдарлама — оқулық — дәптер). Баспа негіздегі жұмыс дәптерлерінің мазмұнын талдау бізге олардың конструкцияларының бірнеше түрінің және функционалдық мақсатының бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бірінші тип-бұл әр түрлі күрделілік деңгейіндегі сұрақтар мен тапсырмалардың дәстүрлі жиынтығы бар кешенді (көпфункционалды) дәптер, сабақта алынған білімді бекіту, практикалық дағдыларды пысықтау (практикалық жұмыстар арқылы, схемалар, картосхемалар құру, контурлық карталарды, кестелерді және т.б. толтыру), тақырыптар бойынша білімді тексеру. Ұсынылған тапсырмаларды сабақта да, сабақтан тыс уақытта да пайдалану ұсынылады. Дәптерге тапсырмалар мұғалімге әр түрлі ақпарат көздерімен оқушылардың өзіндік жұмысын кеңейтуге, жеке танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

ОӘК-әрбір заттың мазмұнын, көлемін және қамтамасыз етілу деңгейін анықтау үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығы.

ОӘК мақсаты-пән мазмұны мен пәнаралық байланысты пысықтау, білім сапасын арттыру арқылы білім алушыларды оқыту жүйесін қамтамасыз ету.

ОӘК міндеттері:

- ғылым, өндіріс, IT технологиялар жетістіктерін ескере отырып, негізгі білім беру бағдарламасын меңгеруді ұйымдастыру және мазмұнын жүйелеу;
- білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім алушылардың білім сапасы мен тиімділігін арттыру;
- білім алушыларға оқу материалын меңгеруде әдістемелік көмек көрсету;
- білім алушылардың білімін бақылау және өзіндік оқу жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдеріне Педагогикалық шеберлікті жетілдіруде көмек көрсету.

Ең алдымен, әрбір оқулық бойынша ОӘК-ның болуы анықталды, оған әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері және CD-диск кіреді. Бұл қосымша кешендерді барлық педагогтер алмаған.

Оқу-әдістемелік кешендер респонденттермен оларға қойылатын әдістемелік басшылыққа және жұмыс дәптеріне қойылатын талаптарға сәйкес бағаланды.


Әдістемелік басшылыққа қойылатын талаптар:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы;
- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстардың болуы;
- үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстардың

болуы.

Жұмыс дәптеріне қойылатын талаптар:

- оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі;
- әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы;
- сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы (қолайлылық, дұрыстылық).



2.74-сурет

Hueber Verlag баспасының «**Jana und Dino**» оқулығына қосымша берілген ОӘК туралы педагогтер пікір келесі көріністі тапты:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың бар екендігін 71% педагог (5 респондент) растаса, 28% педагог (2 респондент) жеткіліксіз немесе жоқ деген пікір білдірді;

- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстарды 57% педагог (4 респондент) жақсы берілген деп санаса, 43% педагог (3 респондент), жеткіліксіз деңгейде деп санайды;

- үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстарды 71% педагог (5 респондент) растаса, 28% педагог (2 респондент) жоққа шығарды; Жалпы әдістемелік басшылыққа қойлатын талап орташа есеппен 66% расталып отыр. Демек бұл басапаның ОӘК оң бағаланды деген қорытынды шығады.

Жұмыс дәптеріне қойылатын талаптар, яғни оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы, сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы (қолайлылық, дұрыстылық) туралы барлық педагогтер бір ауыздан 100% сәйкестікті

көрсетті (2.74-сурет).


EduStream Просвещение баспасы, «**Deutsch für Kasachstan Klasse 1**» оқулығына қосымша берілген ОӘК туралы педагогтер пікір келесі көріністі тапты:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың бар екендігін 67% педагог (4 респондент) растаса, 33% педагог (2 респондент) жеткіліксіз немесе жоқ деген пікір білдірді;

- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстарды 33% педагог (2 респондент) жақсы берілген деп санаса, 67% педагог (4 респондент), жеткіліксіз деңгейде деп санайды;

- үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстарды 83% педагог (5 респондент) растаса, 17% педагог (1 респондент) жоққа шығарды; Жалпы әдістемелік басшылыққа қойлатын талап орташа есеппен 67% расталып отыр. Демек бұл басапаның ОӘК оң бағаланды деген қорытынды шығады.

Жұмыс дәптеріне қойылатын талаптар, яғни оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалар 100% берілген, сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателіктер бар деп 33% (2.75-сурет).




2.75-сурет

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «**Fabuli**» оқулығына қосымша берілген ОӘК туралы педагогтер пікір келесі көріністі тапты:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың бар екендігін 80% педагог (4 респондент) растаса, 20%

педагог (2 респондент) жеткіліксіз немесе жоқ деген пікір білдірді;



2.76-сурет

- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстарды 60% педагог (2 респондент) жақсы берілген деп санаса, 40% педагог (2 респондент), жеткіліксіз деңгейде деп санайды;

- үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстар жақсы берілген, талаптарға сәйкес деп 100% растаған. Демек бұл басапаның ОӘК оң бағаланды деген қорытынды шығады.

Жұмыс дәптеріне қойылатын талаптар, яғни оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы, сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы (қолайлылық, дұрыстылық) туралы барлық педагогтер бір ауыздан 100% сәйкестікті көрсетті.

ОӘК жалпы қызықты құрылған. Барлығы әдемі, көптеген суреттер. Алфавит, әріп тіркестері, дифтонгалары бар карточкалар жиынтығы қоса беріледі, бұл сабақта кейбір жұмыс түрлерін жеңілдетеді. Әр түрлі тапсырмалар бар баспа негізінде жазулар бар. Кітап соңында мұғалім үшін QR-коды бар оқулық аудио және жұмыс дәптерінде аудио үшін. (2.76-сурет).

Апробацияға қатысқан үш оқулықтың қосымша материалы оқу-әдістемелік кешенінің сипаттамасы бойынша мынадай қорытында жасауға болады:

✓ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы:

- Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы – 71%
 - EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы – 67%
 - «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы - 80%
- ✓ қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстардың болуы:

- Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы – 57%
 - EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы – 33%
 - «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы - 60%
- ✓ үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы:

- Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы – 71%
- EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы – 83%
- «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы - 100%

✓ әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы барлық оқулықтарда 100 %

✓ сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы (қолайлылық, дұрыстылық):

- Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы – 100%
- EduStream Просвещение баспасы, «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы – 67%
- «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы - 75%

Талдау нәтижесі ОӘК талаптары «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығында толық сақталғандығын анықтады, кейбір көрсеткіштер бойынша Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығынан оң үрдіс байқалады. Сондай-ақ төмен көрсеткіштер EduStream Просвещение баспасының «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы бойынша анықталды. Салыстырмалы көрініс 2.77-суретте көрсетілген.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен мазмұнының толық талдауы «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы бойынша апробацияға қатысқан педагогтердің бірауыздан оң баға беріп, тағдауларын аталған оқулыққа беретіні туралы оң үрдісті анықтады.

EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы алаңдатушылық тудырады, себебі бірнеше көрсеткіштер бойынша педагогтер тарапынан төмен бағалауға ие болған.

1-сыныптардағы неміс тілі оқулықтарының ОӘЖ жалпы сипаттамасы

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ

71% Hueber Verlag баспасы	67% EduStream Просвещение баспасы	80% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
-------------------------------------	---	--

қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстардың болуы

57% Hueber Verlag баспасы	33% EduStream Просвещение баспасы	60% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
-------------------------------------	---	--

үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы

71% Hueber Verlag баспасы	83% EduStream Просвещение баспасы	100% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
-------------------------------------	---	---

оқу бағдарламасына сәйкестік

100% Hueber Verlag баспасы	100% EduStream Просвещение баспасы	100% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
--------------------------------------	--	---

әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы

100% Hueber Verlag баспасы	100% EduStream Просвещение баспасы	100% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
--------------------------------------	--	---

сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы

100% Hueber Verlag баспасы	67% EduStream Просвещение баспасы	75% ТОО «Көкжиек-Горизонт» баспасы
--------------------------------------	---	--

ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

2.77-сурет

Талдау нәтижелері бойынша мынадай **қорытынды** шығады:

- Оқулық құрылымы мен мазмұны бағытының барлық критерийлері бойынша «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы 72%-дан 90% аралығында оң бағаланды;
 - EduStream Просвещение баспасы «Deutsch für Kasachstan Klasse 1» оқулығы 57%-дан 67% аралығында оң бағаланды;
 - Оқулықтың әдістемелік жағы бағытындағы критерийлер бойынша «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы 75% және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы 95% оң бағаланды;
 - Иллюстративті материалдар бойынша оқулықтар 75- 85% талаптарға сәйкес;
 - Баяндау тілі мен стилі бағыты критерийлері бойынша «Көкжиек-

Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» оқулығы және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулығы 80%-дан 100% аралығында оң бағаланды;

- Жалпы педагогтер жеткілікті деңгейде жоғары бағалап, жоғары балл берген Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулықтары;

- Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасының «Fabuli» және Hueber Verlag баспасының «Jana und Dino» оқулықтарының ОӘК талдауы да жоғары оң бағаланды.

1-сыныптарды «Француз тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясы

Оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына нақты оқу мазмұны ғылыми негізде, жүйемен баяндалатын кітап. Оқу пәнінің толық мазмұны оқулықтар мен оқу құралдарына баяндалады. Оқулықтар оқу орындарының типіне қарай жасалады. Оқулықтарға мынадай педагогикалық талаптар қойылады: оқу материалдарының қазіргі ғылым мен техниканың дәрежесіне сәйкес баяндалуы; жоғары идеялылығы; оқулықтар мазмұнын ұғынуға лайықты болуы; оқулықтар материалдарының жүйелі және бірізді түрде оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы; оқулықтарды дәл және анық тұжырымдалған қортындылар, ережелер, заңдар мен аықтамалардың баяндалуы, тілінің жатық, әдеби және ықшамды болуы, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі; оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей суреттердің, диаграммалардың, сызбалардың болуы; оқулықтың сыртқы пішіндерінің ретті көркемделуі.

Құрылым туралы ұғым объектінің құрылысы, оның ішкі және сыртқы ұйымдастырылуы туралы түсінік болып табылады. Сондықтан құрылым кез-келген күрделі объект үшін маңызды болып табылады. Шет тілі немесе екінші тіл ретіндегі оқулығы да басқа оқулық сияқты осындай күрделі объект. Оның күрделілігі оқытудың негізгі құралы ретінде бірнеше ерекше факторлармен тереңдей түседі:

1. оның көмегімен тек қана білімді ғана емес (мысалығ тарих, география) бірнеше әрекетті оқытады;

2. жай кез-келген әрекеттің бір түрін ғана емес (мысалығ ән айту, сурет салу), күрделілігі көп, компонентті басқа тілдегі сөйлеу әрекеттерін немесе сөйлеу әрекеттерінің бірнеше түрін яғни, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым әрекеттерін оқытады;

3. тіл үйренушінің жоғарыда аталған әрекеттерді жүзеге асыруы үшін тіпті эмпирикалық яғни, лексикалық, фонетикалық және грамматикалық құралдарды меңгергеніне қарамастан оқытылады.

Сондықтан да оқулықтың мазмұны мен құрылымы өте маңызды болып табылады.

Оқулықтың сыртқы және ішкі құрылымға бөлінеді. Оқулықтың сыртықы құрылымына оқулық рубрикасы жатады, яғни, тарауға, бөлімге бөлу, сабақтастық, вербальды материалдардың (сөздің, сөз тіркесінің,


әріптердің, мәтіндердің, ережелердің, суреттердің, сызбалардың, кестелердің, шартты белгілердің орналасуы) болуы.


Оқулықтың ішкі құрылымы – оқытудың жалпы стратегиясын, ұстанымдарын таңдауда көрінетін жүйелі байланыстарғ сондай-ақ міндеттер мен мақсаттардың иерархиясы, яғни осы осы оқу жылындағы оқытудың түпкі мақсаты, аралық мақсаттар (мысалы, тақырып аясындағы сөйлеу әрекетінің түрлері), әрбір сабақтағы нақты міндеттер.

Осы макеттердің оқулық макетін жасаудағы маңыздылығы жоғары. Мысалы, оқулық рубрикасы педагогикалық кезеңдегі сабақ құрылымын білдіреді. Оқулықтың сыртқы құрылымын жасауда кейбір шарттылықтар болады, бірақ мүлдем еркін емес немесе оның ішкі құрылымымен белгілі бір мөлшерде сәйкес болуы керек.

Оқулықта жүйелі білім беру жұмысы тиісті ережелерден басталмайды, сол ереже, түсініктерге қарай жетектейтін тілдік материалдардан басталады. Оқушы жаттығуларда берілген дидактикалық материалдарды ұғына, тапсырмаларды орындай келе, солардан өздері қорытынды шығаратындай кезең басталғанда, жинақталған ережелер берілді. Сонда олар тосыннан айтылған қағидалар болмай, өздеріне бұрыннан түсінікті, өздері-ақ қорыта алатындай, бірақ қорытуға шамасы келмейтін жайттар болмақ. Ондайға оқушылар тез түсінеді, содан әрі қарай сол түсінгендерін баянды ету үшін тағы да бірнеше жаттығу материалдары беріледі. Сондықтан грамматикалық, орфографиялық, нормаларды бағаға білдіру үшін әдетте жаттығу материалдарын оларға тірек етеміз. Ол түсінікті. Тілден беретін білім балаға әдепкіде бытыраңқы, шашыраңқы болып көрінеді. Оның себебі - грамматикалық, орфографиялық ережелер белгілі нақты сөздер, тұлғалар негізінде емес, абстракцияланған көптеген фактілерді қорыту негізінде жасалады. Баланы соған жетектеу үшін көптеген байқау, жаттығу жұмыстары жүргізілуге тиіс. Ол жұмыстардың сипаты әр параграфта берілетін білім көлемінің ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Қалайда жаттығуға, байқау тіл дамытуға берілетін материалдар барынша сапалы болғаны жөн.

1-сыныптарды «Француз тілі» оқу пәні бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясына 3 баспа қатысты:

 Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығы, авторлары: Hugues Denisot, Marianne Capouet;

 «EduStream» Просвещение баспасы, «Le français" оқулығы, авторлары: М.Калугина, А.Гусева

Апробация нәтижесінің мониторингі әр баспа бойынша бөлек жүргізілді. Педагогтердің сауалнамаларын өңдеу және талдау негізінде баспалар бөлінісінде әр бағыт бойынша ондағы критерийлер арқылы жалпы баға жасалды.

«Оқулықтың құрылымы мен мазмұны» бағыты негізгі 7 бағытта жүзеге асырылды:

❖ Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану)

❖ Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы

❖ Оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

❖ Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы)

❖ Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі

❖ Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттармен және жағдайлармен байланысын қамтамасыз ету

❖ Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы

Авторлары : Hugues Denisot, Marianne Capouet, Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығы 5 өңірде апробациядан өткен.

Бұл оқулықты сынаудан өткізген өңірлер:

- ✓ Нұр-Сұлтан қаласы,
- ✓ Ақтөбе облысы,
- ✓ Жамбыл облысы,
- ✓ Қостанай облысы,
- ✓ Шығыс Қазақстан облысы.

Апробацияға 6 білім беру ұйымы және *жеті* 1-сынып қатысты, оның ішінде үш сынып қазақ, 3 орыс сыныптары болды. 1-сынып бойынша білім алушылар саны 178, ал сол сыныптарда жұмыс жасайтын педагогтер саны 7 құрайды. Оқулықтың мазмұны, сапасы бойынша әрбір критерий 5-тен 1-ге дейін бағаланды. 5 жоғары яғни оң, ал 1 төмен яғни теріс деген көрсеткіш (2.18-кесте).

5 балл – толық;

4 балл – көп деңгейде;

3-балл – ішінара;

2 балл – аз деңгейде;


1 балл – сәйкес емес деген сипаттаманы береді.

2.18-кесте. Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығы мен ОӘК апробациясына қатысқан мектептер тізімі

№	Өңірлер	Мектеп атауы	Сынып-комплектілер саны	Педагогтің аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар саны
1	Нұр-Сұлтан қ.	№78 МГ	1 «А», 1 «Б»	А.Амирханова	қазақ	55
2	Ақтөбе облысы	Т.Г. Шевченко атындағы ЖОББ мектебі	1 «А»	Абдирова А.У.	қазақ	17

3	Жамбыл облысы	№45 МГ Тараз қаласы	1 «А»	Мандирбаева Ш. Т.	қазақ	28
4	Қостанай облысы	М.А. Горький атындағы МГ	1 «А»	Еременко Г.К.	орыс	15
		№2 МЛ	1 «А»	Калинина Е.М., Ячменева С.И.	орыс	36
5	ШҚО	«Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені» КММ	1 «А»	Омарбекова Ж.М	орыс	27


✓ **Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі** (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану) критерийі бойынша респонденттер пікірі бірнеше санатқа бөлінді: 2 респондент «толық», 1 респондент «көп дәрежеде», 2 респондент «ішінара», 1 респондент «аз дәрежеде» сәйкестікті және 1 респондент теріс баға беріп сәйкес емес деп көрсетті.



2.78-сурет

Толық сәйкестікті педагогтердің 29%-растады, бірақ 14% педагог оқулықтың аталған критерий бойынша сәйкес емес келмейтінін көрсетті. Жалпы сәйкестікті 43% деп алсақ, талаптардың орындала бермейтінін 28% деп көрсетуге болады (2.78-сурет).

✓ **Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы** және оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийлері бойынша да респонденттер пікірі бірнеше санатқа бөлінді: 2 респондент «толық», 1 респондент «көп дәрежеде», 2 респондент «ішінара», 1 респондент «аз дәрежеде» сәйкестікті және 1 респондент теріс баға беріп сәйкес емес деп көрсетті. *Толық сәйкес* деп көрсеткен Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарының, *көп дәрежеде сәйкес* деп ақтөбе облысының, *ішінара сәйкес* деп Қостанай облысының, *аз дәрежеде сәйкес* деп Жамбыл облысының және *сәйкес емес* деп Нұр-Сұлтан қаласының педагогтері көрсетті .



2.79-сурет

Мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану, оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы және оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийлері бойынша педагогтердің пікірі бірдей пайызды мөлшерлемені құрады, яғни:


- толық сәйкес – 29%;
- көп дәрежеде сәйкес – 14%;
- ішінара сәйкес – 29%;
- аз дәрежеде сәйкес – 14%;
- сәйкес емес – 14%.

✓ **Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы).** Оқу материалы ғылымның даму логикасы және деңгейіне, қоғамның талабын көрсететін міндеттеріне, оқытудың әдістері мен құралдары және оқуды ынталандыру, оқу іс-әрекетінің бақылау және өзіндік

бақылауды ұйымдастыру білім беру мазмұнына тәуелді және үйлесімді жағдайға сәйкес оқу процесін барлап заңдылықтарын мен компоненттерін өзара байланысын оқытуды берік, саналы және іс-әрекетті нәтижелі қамтамасыз етеді.

Апробацияға қатысқан педагогтер бұл критерийдің маңыздылығын атап өтті және төмендегідей бағалады:


- «толық сәйкес» - 2 респондент;
- «көп дәрежеде сәйкес» - 1 респондент;
- «аз дәрежеде сәйкес» - 3 респондент;
- «сәйкес емес» - 1 респондент.



2.80-сурет

2.80-суреттен оқу материалының мазмұндау логикасын орташа 43% педагог жоғары бағалағанын көруге болады. Аталған критерий бойынша жалпы бағалау теріс деп қарастыруға болады. Себебі педагогтердің 57% төмен баға берген.

✓ **Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі** критерийі бойынша респонденттер жауаптары көп дәрежеде, ішінара, аз дәрежеде сәйкес және сәйкес емес деген пікірге бөлінді (2.81-сурет).




2.81-сурет

Сонымен қазақстандық компоненттің бейнеленуі туралы педагогтер 28% төмен бағаланған. Кейбір педагогтердің пікірі бойынша қазақстандық компонент өте аз мөлшерде тіпті жоқтың қасы деп айтуға болады.


✓ **Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік жағдайлармен және жағдаяттармен байланысын қамтамасыз ету** критерийі бойынша 7 педагогтің 3-еуі жоғары баға берген. Оның ішінде 2 педагог ғылыми және қолжетімділік принциптері толық сақталған десе, 1 педагог тапсырмалар өмірлік жағдаяттарға негізделген деп көрсеткен. Сондай-ақ бұл параметрлер жеткілікті деңгейде сақталмаған деп көрсетуші педагогтер де бар. Олардың 2-еуі ішінара сақталған десе, 1-еуі өте аз деп, тіпті 1-еуі мүлде сақталмаған деп көрсеткен. Аталған критерий бойынша педагогтердің жауабын пайыздық мөлшерлемеде бағалау санатын 2.82-суреттен көруге болады

2.82-сурет



✓ Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы.

Стилистикалық норма – қолданыс тіліне қойылатын барлық функционалдық-стилистикалық талаптардың жиынтығы. Сөз қолданудағы стильдік нормаға сай емес қолданыстар стильдік қателер деп танылады. Орынсыз қолданылған, бұзып айтылған әрбір сөз немесе сөз тіркесі стильдік қатеге жатады. Сөйлем ішінде бір сөздің немесе сөз тіркесінің орынсыз қайталануы да стильдік қате деп саналады.




72% педагог қателер жоқ оқулық талапқа сай деп есептейді. Бірақ кейбір педагогтер бұл критерий бойынша қателер мен дәлсіздіктердің болуы туралы факторды көрсетіп отыр. Олардың ойынша оқулықта фактологиялық,

грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі. Осындай пікірдегі педагогтер жалпы респонденттердің 28% құрайды (2.83-сурет).

Hachette баспасы, «**Les loustics**» оқулығының құрылымы мен мазмұны бойынша талдау нәтижелері толықтай сәйкестікті көрсетпейді, кейбір параметрлер бойынша оқулық талаптарға сай келмейтіні анықталды (2.84-сурет).

Оқулықтың мазмұны мен құрылымы



2.84-сурет

Талдау нәтижелері оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы барлық критерийлер бойынша айтарлықтай жоғары бағалауды көрсетпеді. Жалпы оқулықтың бекітілген нормативке сәйкестігі *төмен* пайыздық мөлшерлемеде екендігі анықталды. Апробацияға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі төмен баға берді. Респонденттер пікірі «толықтай сәйкес», «көп дәрежеде сәйкес», «ішінара сәйкес», «аз дәрежеде сәйкес» және «сәйкес емес» деген санатқа бөлінді.

Барлық параметрлер бойынша «сәйкес емес» деген бағалау берілген және жалпы нәтиженің 14% құрайды.

Hachette баспасы, «**Les loustics**» оқулығының құрылымы мен мазмұны барлық талаптарға **сәйкес келмейді** деген қорытынды шығады. Бұл оқулықты апробациялау бойынша мониторингтің осы бағытына назар аудару қажет екендігін білдіреді.


Авторлары: М.Калугина, А.Гусева «EduStream» Просвещение баспасы, Le français оқулығы апробациясына 4 өңірден 4 мектеп, 5 сынып, 4 педагог және 88 білім алушы қатысты. Апробацияға қатысқан 5 сыныптың 3 сыныбы орыс тілінде және 2 сыныбы қазақ тілінде оқытылады. Қатысушылар туралы деректер 2.19-кестеде көрсетілген.

2.19-кесте. 1-сыныптарда EduStream Просвещение баспасының «Le français» оқулығы апробациясына қатысқан өңірлер мен мектептер тізімі

№	Өңірлер	Мектеп атауы	Сынып-комплектілер саны	Педагогтың аты-жөні	Оқыту тілі	Білім алушылар
1	Шымкент қаласы	Титова атындағы №20 мектеп	1 «А», 1 «Б»	Сапаралиева А.А	орыс	50
2	Ақтөбе облысы	Т.Г. Шевченко атындағы ЖОМ	1 «Б»	Абдирова А.У.	қазақ	10
3	Жамбыл облысы	Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназия Тараз қаласы	1 «А»	Мандирбаева Ш.Т.	қазақ	14
4	Солтүстік Қазақстан облысы	«BEST-гимназия» КММ, Петропавл қаласы	1 «Г»	Арыкпаева Г.А.	орыс	14
	Барлығы	4	5	4	қазақ/орыс	88


Жоғарыда аталған оқулықты талдау «Оқулық құрылымы мен мазмұны» бағыты бойынша негізгі жеті критерий негізінде талданды.

✓ **Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдарды пайдалану)** критерийі бойынша респонденттер пікірі көп дәрежеде және аз дәрежеде сәйкес келеді деп бөлінді. Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарының және Шымкент қаласының педагогтері оқулық талаптарға сай, онда мазмұны, кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, шартты белгілерді, сигнал-символдар көп дәрежеде тараптарға сай орындалған деп, 4 баллмен бағалаған, ал жамбыл облысының педагогтері аз дәрежедегі сәйкестікті көрсеткен (2.84-сурет).



2.84-сурет

Бұл параметр айтарлықтай жеткілікті деңгейде жоғары бағаланған. Педагогтердің 25%-ы оқулық құрылымы барлық талаптарға сай емес дегенді білдірді.



2.85-сурет

✓ **Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы** критерийі бойынша респонденттер пікірі екіге бөлінді. Бағалау көп және аз деген санатта анықталды. Педагогтер толық және әшәнара сәйкестікті көрсетпеді. Сондай-ақ сәйкестіктің болмауын да анықтамады. Бұдан оқулық талаптарды орындайтындығын бірақ толықтай мес екендігін көруге болады.

Бұл критерий бойынша да пайыздық мөлшерлеме 75%/25% көрсетті. (2.85-сурет).


✓ **Оқу материалы білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі** критерийі бойынша барлық педагогтер пікірі бірдей болмай шықты. Респонденттер жауаптары оң және теріс пікірге бөлінді. 1 педагог білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестік көп дәрежеде келеді деп есептейді, бірақ 1 педагог бұл сәйкестікті аз дәрежеде деп төменгі баллмен бағалайды. Сондай-ақ ішінара сәйкес келеді деп ораташа баллмен 2 педагог бағалайды. Педагогтердің жауаптары пайыздық мөлшерлемеді 2.86-суретте көрсетілген.



2.86-сурет


✓ **Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығы)** критерийі де оқулықтың құрылымы мен мазмұны бағытындағы маңызды көрсеткіштің бірі. Аталған көрсеткіш бойынша респонденттердің жауабы келесі көріністі тапты: оқулықтың мазмұндау логикасы талаптарға көп дәрежеде сәйкес – 1 педагог, аз дәрежеде сәйкес – 4 педагог, ішінара сәйкес келеді – 2 педагог жауап берген.

Бұл бағалау оқу материалы әрқашан қисынды емес, бөлім бойынша оқу материалының сабақтастығы жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмауы мүмкін дегенді білдіреді. Респонденттердің жауабы пайыздық мөлшерлемеді 2.87-суретте көрсетілген.




2.87-сурет

✓ **Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі** критерийі бойынша респонденттер пікірі бірыңғай көрініс бермейді, пікірлер оң және ішінара теріс жауапқа бөлінген. Қазақстандық компонент оқулықта бейнеленген деп 2 педагог көрсетсе, 2 педагог бұл критерий жеткілікті деңгейде бекітілген талапқа сай қамтылмағандығын көрсетті. Сауалнама нәтижесі респонденттердің көпшілігі 50% талапқа сай компонент қамтылған деп көрсетті. Қазақстандық компоненттің бейнеленуі туралы респонденттер жауабы 3 позицияда көретілген: «ішінара сәйкес», «көбінесе сәйкес», «аз дәрежеде сәйкес» (2.88-сурет).



2.88-сурет

✓ Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік шарттар мен жағдайларға байланыстылығын қамтамасыз ету критерийі бойынша жалпы педагогтердің пікір негізінде жеткілікті деңгейде оң бағаланды деп санауға болады. Себебі респонденттердің бағалауы «көп дәрежеде сәйкес», «ішінара сәйкес», «аз дәрежеде сәйкес» деген бағаға бөлінді. Жалпы бағалауды алсақ, онда оқу тапсырмасы мазмұнында ғылыми және қол жетімділік принципі көп жағдайда сақталған деп Ақтөбе облысының педагогтері санайды. Сонымен қатар оқу тапсырмалары нақты өмірлік жағдаяттар мен жағдайларға сәйкес берілген деп айтуға болады. Осы критерий бойынша педагогтердің жауаптарының пайыздық мөлшерлемесі 2.89-суретте көрсетілген.




2.89-сурет

✓ **Фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер мен дәлсіздіктердің болмауы** туралы әр түрлі пікір алынды. Педагогтердің жауаптары сәйкестікті көрсеткенімен, десе де оқулықта дәлсіздіктер мен қателер бар екендігі анықталды. Дәлсіздіктер мен қателердің аз дәрежеде бар екендігін 1 педагог растаған. Қателіктер мен дәлсіздіктер ішінара немесе көп дәрежеде емес деп 3 педагог көрсеткен. Осылайша кей жағдайларда оқулықта қателіктер мен дәлсіздіктер бар екендігін көрсетеді (2.90-сурет).

Айта кету керек, педагогтердің 50% - ы қате пен дәлсіздіктің болмауы ішінара деп көрсетті, бірақ респонденттердің 25% - ы қателер мен дәлсіздікті


аз дәрежеде бар деп көрсетті. Бұл оқулықтың мазмұнында дәлсіздіктер мен қателіктер бар дегенді білдіреді.



2.90-сурет

«EduStream» Просвещение баспасы, **Le français** оқулығының құрылымы мен мазмұны бойынша талдау критерийлер бойынша жан-жақты толық талқыланды. Жалпы 7 критерий негізінде апробацияға қатысқан барлық респонденттер жауаптары талданды. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы туралы жалпы талдау нәтижесі оң және теріс баға көрсетті. Нақты әрі толық пайыздық мөлшерлеме 2.91-суретте көрсетілген.

EduStream Просвещение баспасы, «Le français » оқулығының құрылымы мен мазмұны



2.91-сурет

Мониторинг нәтижесі оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы бірнеше критерийлер бойынша теріс нәтиже көрсетті:

- оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі – «аз дәрежеде сәйкес» 25%;

- оқу материалының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі – «аз дәрежеде сәйкес» 25%;

- оқу материалын мазмұндау логикасы – «аз дәрежеде сәйкес» 25%;

- оқулықта қазақстандық компоненттің бейнеленуі – «аз дәрежеде сәйкес» 50%.

- баллдық өлшемдер бойынша орташа балл: «оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, Кіріспе, мәтін, иллюстрациялар, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары, шартты белгілерді, белгі-нышандарды пайдалану)» – 3,5; «бөлімдер бойынша Оқу материалы көлемінің оңтайлылығы» – 3,5; «оқу материалының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі» – 3,0; «оқу материалын баяндау логикасы (бөлімдердің сабақтастығы)» – 3,0; «оқулықтың мазмұнында қазақстандық компонентті көрсету» – 2,75; «Ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, оқу мазмұнының, тапсырмалардың нақты өмірлік жағдайлармен және жағдайлармен байланысын қамтамасыз ету» – 3,25; «дәлсіздіктер мен қателердің болмауы: фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық» – 3,0 балл.

Сонымен қорыта келгенде оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы параметрлер бойынша бұл оқулық төмен бағаланды.

1-сынып білім алушылары үшін жаңартылған білім мазмұнындағы «Француз тілі» оқулығы апробациясы мониторингінің бір бағыты «Оқулық мазмұны мен құрылымы» бойынша 2 баспаның оқулығы да талданды. Апробацияға қатысқан әрбір оқулыққа жеке-жеке баға беріліп, талдау жасалды.

Үш оқулықтың құрылымы мен мазмұны бойынша салыстырмалы сипаттама респонденттердің жауаптарын көрсетеді, олардың ішінен оқулықтардың құрылымы мен мазмұнына талдау жасалады. Талдау нәтижесін сандық және пайыздық көрсеткіште 2.92-суреттен көруге болады. Келесі критерийлер бойынша салыстырмалы талдау нәтижелерін көруге болады:

- ✓ оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі;
- ✓ бөлім бойынша оқу материалының оңтайлылығы;
- ✓ оқу материалының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- ✓ оқу материалын мазмұндау логикасы.




2.92-сурет

2.92-суретте «EduStream» Просвещение баспасы, **Le français** және **Hachette** баспасы, «Les loustics» оқулықтарының құрылымы мен мазмұны бойынша оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі; бөлім бойынша оқу материалының оңтайлығы; оқу материалының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийлері құрады, оқу материалын мазмұндау логикасы критерийі 50%/43%.

Оқулық құрылымы мен мазмұны бағытындағы келесі критерийлер:

- ✓ оқулықта қазақстандық компоненттің бейнеленуі;
- ✓ ғылыми және қол жетімділік принципін сақталуы;
- ✓ қателер мен дәлсіздіктердің болмауы (2.93-сурет).



2.93-сурет

«Француз тілі» пәні бойынша 1-сыныптарда апробацияға қатысқан оқулықтардың мониторингі бағытының бірі оқулық құрылымы мен мазмұны негізінде жасалған жоғарыдағы талдау нәтижелерінен мынадай **қорытынды** жасалады:

❖ көп жағдайда респонденттердің жауаптары оң бағаланған және жауаптар 43% – 75% құрайды;

❖ «**Hachette** баспасы, «**Les loustics**» оқулығын барлық критерийлері бойынша жауаптардың оң үрдісі 50% – 75% аралығында байқалады;

❖ респонденттердің біраз бөлігі, яғни 25% педагогтер «EduStream» Просвещение баспасы, Le français және Hachette баспасы, «Les loustics» оқулықтарының құрылымы мен мазмұны бағытындағы барлық параметрлер бойынша төмен баға берген, талаптардың орындалуын **1 баллмен** көрсеткен.

Мониторингтің келесі бағыты «**Оқу материалының әдістемелік жағы**», бұл бағыт бойынша да апробацияға қатысқан үш оқулық 2 критерий негізінде жан-жақты талданып бағаланды. Критерийлер бағасы жоғары 5 балл, төмен 1 балл болып белгіленген. Критерийлер қатарына төмендегі параметрлер жатады:

❖ оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;

❖ әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы;

❖ дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы;

❖ сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау;

❖ сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы;

❖ білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы;

❖ АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы.

Оқулықтың әдістемелік жағы – бұл оқытудың түрін, құралын және әдістерін, нақты сабақ тақырыбына, оқу бағдарламаларына толық курсты оқытуға қолданатын заманауи педагогикалық технологиялардың элементтерін немесе оқыту мен тәрбиелеу технологиясының өзін анықтайды. Әдістемелік жақ – оқу сабағын, іс-шараны өткізу ретін логикалық құру және толығымен баяндау болып табылады. Әрекет барысын тізбектей баяндау, сонымен қатар оның мақсатын, нәтижеге жету құралдарын, күтілетін нәтижелерін қамтиды және тиесілі әдістемелік кеңеспен жалғасады.

EduStream Просвещение баспасының «Le français» оқулығы


✓ **Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі** критерийі бойынша респонденттер тарапынан оң баға жеткілікті деңгейде жоғары 4 баллмен бағаланды. Барлық

педагогтер оқулықтағы оқу тапсырмалары білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне жеткілікті деңгейде сәйкес ұсынылмағандығын көрсетті. Шымкент қаласының педагогтері «көп дәрежеде», Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері «ішінара», Жамбыл облысының педагогтері «аз дәрежеде» сәйкестікті көрсетті.

✓ **Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы** критерийі бойынша да оқулық педагогтер тарапынан оң және теріс пікірге ие болып, аз және көп дәрежеде сәйкес деп, 4 және 2 деген баллдармен бағаланды. Бұл баға оқулықта тапсырмалар әр түрлі деңгейде берілген, сонымен қатар практикалық-бағытталған, эксперименттік және зерттеу тапсырмалары жеткілікті дәрежеде бөлінбеген деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бағалау 50%/50% көрсетті.

✓ **Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы** критерийі бойынша педагогтер оқулықта дамытушы, оқыту және тәрбиелеуші тапсырмалар бар көп дәрежеде сәйкес деп, оқулықтың осы критерий бойынша сәйкестігін білдіретін жеткілікті деңгейде деген 4 балл баға берді (2.94-сурет).

Оқу тапсырмаларының сәйкестігі



2.94-сурет

✓ **Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау** критерийі тілдік пәндердің ерекшелігі болып табылады.

Грамматикалық мағына (орыс. *грамматическое значение*) – тілде қалыпты сипаты бар (стандартты) сөздер тобы мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән жинақты, дерексіз тілдік мағына.

Морфология саласында сөз таптарының жалпы мағыналары болсын немесе сөз тұлғалары мен сөздердің жеке мағыналары болсын морфологиялық категориялар дәрежесін сақтай отырып, бір-бірінен өзгеше болады. Синтаксис саласында Грамматикалық мағына предикативтіліктен, сондай-ақ сөз тіркестері мен сөйлем компоненттерінің әр түрлі қатынасын білдіретін дерексіз грамматикалық құрылымдардан көрінеді. Мысалы: семантикалық субъект пен объектінің мағынасы, құрмалас сөйлемдердің шылау арқылы байланысы т. б. Грамматикалық мағынаға сөз таптарында қалыптасқан жалпы сөзжасамдық мағыналарда жатады. Грамматикалық мағына сөздерге немесе сөздердің белгілі топтарына ғана тән, дерексіздігі әлсіз лексикалық мағыналардан өзгеше. Грамматикалық мағыналар жүйесі болмыстағы зағгар мен құбылыстардың және олардың өзара байланыстары мен қатынастары туралы ұғымдардың дерексізденуі арқылы қалыптасады. Мысалы, қимыл ұғымы етістіктің жалпы мағынасымен бірге неғұрлым шағын категориялық мағыналарының (шак, жак, етіс) дерексізденуінен туады.

Грамматикалық мағына референциялық (синтаксистік емес) және Реляциялық (синтаксистік) болып бөлінеді. Референциялық мағына тілден тыс болмыстағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін білдіреді, мысалы, көлемдік, мөлшерлік, қимыл-әрекеттік сияқты мағыналар. Ал реляциялық мағына сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы байланысты білдіреді.

Бұл критерий бойынша педагогтер пікірі «ішінара сәйкес», «аз дәрежеде сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген санатқа бөлінді. Респонденттердің 50%-ы «көп дәрежеде сәйкес» деп көрсетсе, 25%-ы «ішінара сәйкес» деп, ендігі 25% «аз дәрежеде сәйкес» келеді деп көрсетті. Бұл көрсеткіш аталған критерий бойынша оқулық жеткілікті деңгейде оң бағаланды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді (2.95-сурет).

✓ **Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы** Оқушының ойлау қабілетін байытуға игі ықпал ететін жаңаша оқытудың бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, ішінара іздену. проблемалық, пікір-сайыс, ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. Сын тұрғысын оқу-тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі оқушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді Бұның мақсаты – барлық жастағы балаларды кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды үйрету. Кез келген қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін шешуге, әр түрлі жағдайларды сын тұрғысынан қарауға, екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім жасауға үйрету қажеттігі айдан анық болып тұр.


Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір

ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шындалған ойлау. Бұл технологияның ішкі құрылымында ерекшелік бар.

Бұл құрылым 3 деңгейден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс.


Бұл критерийі бойынша да респонденттердің 50%-ы «көп дәрежеде сәйкес» деп көрсетсе, 25%-ы «ішінара сәйкес» деп, ендігі 25% «аз дәрежеде сәйкес» келеді деп көрсетті (2.95-сурет).



2.95-сурет

Диаграммада көрсетілген нәтижелерге сәйкес жалпы оқулықта сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалар бар, тапсырмаларда лексика-грамматикалық минимум сақталады деген қорытынды шығады. Оқулықта сын тұрғысынан ойлауды дамыту бойынша тапсырмалар берілгендігін, сонымен қатар өз бетінше орындау үшін тапсырмалары да қарастырылғандығын атап өтті.

✓ **Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы** критерийі өте төмен баллмен бағаланды. Яғни оқулықта жаңартылған білім мазмұны қарастыратын топтық және жеке орындауға арналған, коммуникацияны қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың талаптарға сәйкес емес деп шымкент қаласының педагогтері көрсеткен. Бағалау көрсеткішінің бағасы жеткілікті деңгейде жоғары 4 деген және аз мөлшерде талаптар орындалған деген 2 баллды, сондай-ақ талаптар мүлде орындаламаған деген 1 баллды құрады (2.96-сурет).



2.96-сурет

АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы критерийі бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі делінген.

Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесі Қазақстан оқу орындарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Педагогтер АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар және жаттығулар жүйесінің бар екендігін көрсетті. Бірақ оқулықта берілген тапсырмалар оқу материалының әдістемелік жағына толық жауап бермейді. Аprobацияға қатысқан респонденттердің 1-еуі «көп дәрежеде сәйкес», 2 респондент «аз дәрежеде сәйкес» және тағы 1 респондент «сәйкес емес» деген жауап көрсетті. Пайыздық мөлшерлеmede сәйкесінше 25%/50%/25% құрады (2.96-сурет).

Осылайша 2.96-суреттегі талдау нәтижелері оқулық жеке, топтық қызметті ұйымдастыру үшін тапсырмаларды көздейді және осы критерийге іс жүзінде сәйкес келеді, яғни, берілген тапсырмалар білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытады дегенді білдіреді. Сонымен қатар

жалпы АКТ-құзыреттілігін дамыту үшін тапсырмалар бар, бірақ саны мен сәйкестігі жеткіліксіз деңгейде екендігін көруге болады.

EduStream Просвещение баспасы «Le français» оқулығының жалпы әдістемелік жағының сипаттамасы 2.97-суретте көрсетілген.

EduStream Просвещение баспасы «Le français» оқулығының әдістемелік жағы бойынша жалпы сипаттамасы

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

25% көп дәрежеде сәйкес	50% ішінара сәйкес	25% аз дәрежеде сәйкес
-------------------------	--------------------	------------------------

Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы

50% көп дәрежеде сәйкес	50% аз дәрежеде сәйкес
-------------------------	------------------------

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы

75% көп дәрежеде сәйкес	25% көп дәрежеде сәйкес
-------------------------	-------------------------

Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау

50% көп дәрежеде сәйкес	25% ішінара сәйкес	25% аз дәрежеде сәйкес
-------------------------	--------------------	------------------------

Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы

50% көп дәрежеде сәйкес	25% ішінара сәйкес	25% аз дәрежеде сәйкес
-------------------------	--------------------	------------------------

Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы

50% көп дәрежеде сәйкес	25% ішінара сәйкес	25% сәйкес емес
-------------------------	--------------------	-----------------

АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы

50% көп дәрежеде сәйкес	25% ішінара сәйкес	25% сәйкес емес
-------------------------	--------------------	-----------------

2.97-сурет

Жоғарыда көрсетілген оқулықтың әдістемелік жағының жалпы сипаттамасына сүйене отырып, жалпы оқулық АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін тапсырмалар мен жаттығулар бойынша критерийден басқа, әдістемелік талаптарға сәйкес келеді деген **қорытынды** жасауға болады.

Оқулықтың әдістемелік жағының оң үрдісі төмендегі критерийлер бойынша екі санатта байқалады:

✓ «көп дәрежеде сәйкес келеді»


- оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы;

- дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы;

Педагогтер АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы критерийі бойынша сәйкестіктің аз екендігін көрсетті. Бұл көрсеткіш назар аударуды қажет етеді. Жалпы апробация мониторингі оқулықтың әдістемелік жағына қойылатын талаптарға оқулық сәйкес екендігін көрсетті.

«Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығының әдістемелік жағы алдыңғы оқулық қарастырылған критерийлер бойынша жүргізілді. Сауалнамаға 7 респондент қатысты.

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі критерийі бойынша сауалнамаға 2 педагог толық сәйкес, 1 педагог көп дәрежеде сәйкес, 2 педагог ішінара сәйкес және 1 аз дәрежеде сәйкес деп көрсетсе, сондай-ақ 1 педагог сәйкес емес деп жауап берген. Бұл критерий бойынша жалпы сәйкестік толық және көп дәрежеде сәйкес деген санатпен 43% құрады.




2.98-сурет

Сонымен қатар апробацияға қатысушылар ішінара сәйкестіктің бар екендігін көрсетті, ол 29% құрады. Критерийге сәйкес еместігін 14% педагог көрсеткені алаңдататын факт болып табылады (2.99-сурет).

Әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы критерийі белгілі бір дәрежеде сәйкестік анықталды. Сәйкестік дәрежесі «көп дәрежеде», «сәйкес емес» және «аз дәрежеде» санаттарында сипатын тапты (2.50-сурет).

- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 29%;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 57%;

✓ «сәйкес емес» деп 1 респондент - 14% көрсетті.



2.50-сурет

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы критерийі бойынша педагогтер пікірі оң және айтарлықтай теріс пікір көрсетті. Респонденттердің пікірі бойынша 72% педагогтер оқулықта дамытушы, оқыту және тәрбиелеуші тапсырмалардың бар екендігіне және олардың талапқа сәйкес екендігіне оң баға беріледі. Яғни толық сәйкестікті 29%, көп дәрежеде сәйкестікті 43% педагог көрсетті. Сонымен қатар бұл критерий бойынша оқулықта тапсырмалар аз дәрежеде сәйкес деген пікірді 14%, сәйкес емес деген пікірді 14% педагог көрсетті (2.51-сурет).

Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау. Тілдің лексикасы тіл құралдары жүйелерінде тілді оқыту мазмұнының маңызды компоненті болып табылады. Бұл сөйлеу әрекеттері: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылымның бастапқы және қажетті құраушы материалы болады. Тіл үйренуде табысты нәтижелерге қол жеткізу үшін тілді оқытумен қатар тілді меңгеру деңгейлерін бағалауды жүзеге асырып отыру қажет.

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал етеді. Ұсынылып отырған лексикалық минимум қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) минимальды сөздер мен сөз тіркестерінің жиынын қамтиды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Минимум шет тілін үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес

құрастырылған. Қарапайым деңгейде лексикалық минимум бірлікті, базалықта деңгейде – бірлікті, орта деңгейде – бірлікті, ортадан жоғары деңгейде – бірлікті, жоғары деңгейде – бірлікті құрайды. Лексикалық бірліктерді таңдаудың мақсаты қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білудегі қолданылатын белсенді сөздік қорын сараптау мен оларды жүйелеу. Осыған орай тілді үйренуші азаматтар үшін тіл үйренуде өз ойын пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыра білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталады

.Әрбір деңгейдің лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген:

- жүйелілік
- сабақтастық
- дамытушы
- коммуникация
- нәтижелілік.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әртүрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Аталған еңбекте түрлі тақырыптарға байланысты белсенді сөздер мен қоршаған өмірмен байланысты лексика қамтылған. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бірін-бірімен жүйелі байланыстырылған. Бірінші саты үш сөз табымен көрсетілген. Олар: зат есім, сын есім, етістік. Екінші саты – бұл сан есімдер, есімдіктер, үстеулер. Үшінші саты – жалғаулықтар, одағайлар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бөлек көрсетілген және олардың орысша, ағылшынша баламалары берілген. Лексикалық бірліктерді сөз таптары бойынша бөліктермен бөліп беру сөздерді сөйлемдерде пайдалануды жеңілдетеді, себебі әрбір сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Тілді тиімді үйрену үшін әрбір сөз табының сөздер жиыны мағыналық топтар мен бөліктерге бөлініп берілді. Бөліктер мағынасы бойынша бірін-бірімен тығыз байланысты сөздерден тұрады.

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.


Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған.

Деңгейлердің өсуіне байланысты сөздер мен сөз тіркестері градуальдылық принципі бойынша толықтырылып отырады.

Бұл критерийі бойынша бағалау толық және көп дәрежеде, ішінара және аз дәрежеде сәйкестікті сондай-ақ сәйкес емес деген санаттарды анықтады. Оң бағаның артықшылығы аз болса да, бірақ аз дәрежедегі сәйкестік фактісін ескеру қажет. Толық және көп дәрежеде сәйкестікті Ақтөбе және Қостанай облыстарының педагогтері көрсетті, 3 педагог (Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстары) ішінара сәйкестікті көрсетті. Одан сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыратын жаттығулар мен тапсырмалар саны жеткілікті деңгейде мес екендігі, сондай-ақ лексика-грамматикалық минимум әрқашан сақтала бермейтіндігі туралы айтуға болады (2.51-сурет).




2.51-суреттен оқулық авторларына сөйлеу іс-әрекетін қалыптастыру дағдылары бойынша тапсырмалар мен лексика-грамматикалық минимумның сақталуы бойынша тапсырмалардың болуына назар аударуы қажет екендігін көруге болады. Бұл критерий бойынша сәйкестің дәрежесі аз деп көрсетіп, жалпы бағалаудың 43% құраған.

Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы. Сын тұрғысынан ойлауды құрайтын жалпы

рәсімдерге қатысты бірыңғай көзқарас болмағанымен, бұлардың ең жиі қарастырылатын үшеуі – сұрақ қою (сауалнама) (ғылыми әдіс), проблемаларды шешу және шешім қабылдау болып табылады. Кейбір жазушылар сын тұрғысынан ойлау мен креативті ойлауды жекелеген рәсімдер ретінде қарастырады. Бірқатар есептер бойынша сын тұрғысынан ойлауға тән сегіз рәсім бар: тұжырымдама қалыптастыру, қағидаттарды қалыптастыру, түсіну, проблемаларды шешу, шешім қабылдау, зерттеу, пайымдамалар құрастыру және ауызша пайымдау. Бұл рәсімдердің әрқайсысы белгілі типтегі қорытындылар мен нәтижелермен сипатталады (мәселен, тұжырымдаманы түсіну; қалай әрекет ету туралы шешім қабылдау). Сын тұрғысынан ойлау айқындамасы жағынан рәсімге жатады деген тұжырымды жақтаушылар рәсімдер ойлау дағдыларының мән-маңызын құрайды деп санайды.

Бұл критерий бойынша респонденттер оқулықта осындай жаттығулар мен тапсырмалар болса да, олар барлық бөлімдерде емес, сыни ойлауды қалыптастыруға әрдайым сәйкес келмейді және олардың барлығы өз бетінше орындауға бағытталған емес деп санайды. Респонденттердің жауаптары келесі санатта сипатын тапты:

- «толық сәйкес» - 2 педагог, яғни 29%;
- «көп дәрежеде сәйкес» - 1 педагог, яғни 14%;
- «аз дәрежеде сәйкес» - 3 педагог, яғни 43%;
- «сәйкес емес» - 1 педагог, яғни 14% құрады (2.52-сурет).



2.52-сурет

Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы. Топтық жұмыс оқушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Бұл жерде «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу, өзіне деген сенімділіктің пайда болуы. Топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар берілген материалды жақсы меңгереді. Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді, сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Бұл критерий бойынша респонденттер пікірі төмендегідей көрініс тапты:

- ✓ «толық сәйкес» деп 2 респондент - 29%;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «ішінара сәйкес» деп 2 респондент - 29%;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «сәйкес емес» деп 1 респондент - 14% көрсетті.



2.53-сурет

Бұл бағалаудан педагогтер пікірінің оң және теріс бағаға бөлінгенін көруге болады. Бірақ сәйкестік бойынша оң пікір белгілі бір дәрежеде басым екендігі байқалады және жалпы 57% құрайды, десе де 1 респондент көрсетілге критерийді теріс бағалаған. Бұл жалпы бағалаудың 14% құрайды (2.53-сурет).

АКТ құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беруді 2020


жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі делінген.

Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесі Қазақстан оқу орындарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Ақпараттық –коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. Бұл критерий бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Респонденттер пікірі келесі сипатта көрініс тапты:

- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «ішінара сәйкес» деп 4 респондент - 58%;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» деп 1 респондент - 14%;
- ✓ «сәйкес емес» деп 1 респондент - 14% көрсетті (2.54-сурет).



2.54-сурет

«Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығының әдістемелік жағын талдау нәтижелері негізінде оқулық барлық критерийлерге толық сәйкес келмейді деген **қорытынды** шығады. Оқулықтың әдістемелік жағынан жалпы салыстырмалы сипаттамасы 2.55-суретте көрсетілген. Барлық параметрлер бойынша педагогтердің біраз бөлігі талаптарға сай емес екендігін, тіпті аталған критерийлер толық орындалмағаныдығын, орындалса да өте аз мөлшерде екендігін көрсетті. Респонденттер апробация барысында оқу тапсырмалары әдістемелік жағынан критерийлер бойынша сәйкес келмейтінін анықтады. Демек, осы оқулықтың авторлары осындай жаттығулардың болуына назар аудару керек (2.55-сурет).

«Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығының әдістемелік жағы бойынша жалпы сипаттамасы

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

29% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	29% ішінара сәйкес	14% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
---------------------	----------------------------	-----------------------	---------------------------	--------------------

Әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы

0% толық сәйкес	29% көп дәрежеде сәйкес	0% ішінара сәйкес	57% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
--------------------	----------------------------	----------------------	---------------------------	--------------------

Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы

29% толық сәйкес	43% көп дәрежеде сәйкес	0% ішінара сәйкес	14% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
---------------------	----------------------------	----------------------	---------------------------	--------------------

Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау

14% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	44% ішінара сәйкес	14% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес соответствует
---------------------	----------------------------	-----------------------	---------------------------	-------------------------------------

Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы

29% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	0% ішінара сәйкес	43% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
---------------------	----------------------------	----------------------	---------------------------	--------------------

Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы

29% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	29% ішінара сәйкес	14% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
---------------------	----------------------------	-----------------------	---------------------------	--------------------

АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің болуы

0% толық сәйкес	14% көп дәрежеде сәйкес	58% ішінара сәйкес	14% аз дәрежеде сәйкес	14% сәйкес емес
--------------------	----------------------------	-----------------------	---------------------------	--------------------

2.55-сурет

Респонденттер пікірі мына критерийлер бойынша **өте төмен** деген баға алды:

- әр түрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы - 71%;


- сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы - 57%;

- басқа параметрлер бойынша - 28% құрады. Бұл көрсеткіштер оқулықтың талаптарға сәйкес емес екендігін куәландырады.

Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды талдай отырып, апробацияға қатысқан 2 оқулық бойынша белгілі бір **қорытынды** жасауға болады:

➤ **«Hachette** баспасы, **«Les loustics»** оқулығы мазмұны тапсырмалар мен жаттығуларға қойылатын әдістемелік талаптарға сәйкестігі орташа. Талаптарға сәйкестік толық, ішінара, көп және аз дәрежеде, сәйкес емес деп бөлінді.

➤ **EduStream Просвещение** баспасы, **«Le français»** оқулығы мазмұнын басым көпшілік талаптарға сәйкестік бар десе де, респонденттердің біраз бөлігі параметрлер бойынша теріс баға берді. Яғни оқулық талаптарды 100% орындамаған.








2.63-сурет

2.63-суретте оқулықтың әдістемелік жағы белгілі бір түспен көрсетілген, әрбір түс әдістемелік талапқа сай қойылған параметрлерді білдіреді. Оқулықтардың жалпы бағалануы респонденттердің «толық сәйкес» және «көп дәрежеде сәйкес» деген пікірлері негізінде алынды.

Талдау папаметрлері әдістемелік талаптары бойынша кестеден алынған және белгілі бір түсте ұсынылған:

■ Оқу тапсырмаларының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі

-  Әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағытталған, зерттеу, эксперименталды тапсырмалардың болуы
-  Дамыту, оқыту және тәрбиелеу тапсырмаларының болуы
-  Сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмалардың, жаттығулардың болуы, лексика-грамматикалық минимумды сақтау
-  Сыни ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалардың болуы
-  Білім алушылардың жеке, топтық оқу қызметін және оқу процесіне қатысушылар арасындағы коммуникацияны ұйымдастыру үшін тапсырмалардың болуы

Сонымен талдау нәтижесі екі оқулық бойынша да төмен көрсеткіштердің бар екендігін анықтады. Жалпы ораташа оң баға **«Hachette баспасы, «Les loustics»** оқулығы бойынша 39% , ал **EduStream Просвещение баспасы, «Le français»** оқулығы бойынша 50% көрсетті..

«Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығының мазмұны бойынша респонденттер білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне, дамытушы, оқыту, тәрбиелеуші жаттығулар мен тапсырмалардың болуына толық сәйкестігін; сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалардың болуын, лексика-грамматикалық минимумның сақталуын; сыни ойлауды және өзіндік жұмысты дамытуға арналған тапсырмалардың болуы және жеке, топтық жұмысқа арналған тапсырмалардың болуы толықтай сәйкес деп көрсетті. Қажетті әдістемелік талаптардың екі параметрі бойынша:

- әртүрлі деңгейлі, практикалық-бағдарлы, зерттеу, эксперименталды тапсырмалар мен жаттығулардың болуы;

- АКТ-құзыреттілікті дамыту үшін сұрақтар жүйесінің болуы тек көп дәрежеде сәйкес деп бағаланып, 29%/ 14% құрады.

EduStream Просвещение баспасы, «Le français» оқулығының мазмұны бойынша респонденттер әдістемелік талаптарға сәйкес келмейді деп көрсетті. Жоғарыда көрсетілген әдістемелік жағынан қойылған талаптардың сәйкестігін көрсеткен респонденттер тек көп дәрежеде сәйкес деген санатта ғана бағалаған. Жауаптары 25%-дан 75%-ға дейін ауытқиды. Бұл барлық респонденттер осы оқулықтың жаттығулары мен тапсырмаларына қойылатын әдістемелік талаптарды оң бағалауда сенімді емес дегенді білдіреді.

Оқулықтарды сынаудан өткізудің келесі бағыты **оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың сипаттамасы** болып табылады. Иллюстрация латынның «иллюстро» жарықтандыру сөзінен алынған. Мысалы, кітап сыртына иллюстрациялық суреттер салынады, ол кітаптың мазмұнын аша түсу үшін керек. Кітапты иллюстрациялау графика өнерінің бір түрі. Кітапты иллюстрациялағанда оның мазмұнына сәйкес суреттер пайдаланылады. Кітап графикасына атақты суретшілер Ә.Қастеев, Қ.Қожықов, Н. Смағұловтар көп еңбек сіңірген. Сондықтан оқулықтың

тартымдылығының маңызды параметрінің бірі болып саналады.

Иллюстрациялық материалдар сипаттамасы төрт критерий бойынша талданды:

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы;
- иллюстрациялық материалдың эстетикалығы;
- иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы;
- білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі;

Hachette баспасы, «**Les loustics**» оқулығы бойынша барлық респонденттер оң баға берді. Бағалау 5 және 4 балл шегінде көрініс тапты (2.67-сурет).

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы:


- «толық сәйкес» - 2 педагог, 29%
- «көп дәрежеде сәйкес» - 2 педагог, 29%
- «ішінара сәйкес» - 1 педагог, 14%
- «аз дәрежеде сәйкес» - 1 педагог, 14%
- «сәйкес емес» - 1 педагог, 14% құрады.

- иллюстрациялық материалдың эстетикалығы және иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы

- «толық сәйкес» -1 педагог, 14%
- «көп дәрежеде сәйкес» - 2 педагог, 29%
- «ішінара сәйкес» - 2 педагог, 29%
- «аз дәрежеде сәйкес» - 1 педагог, 14%
- «сәйкес емес» - 1 педагог, 14% көрсетті.

- білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі:

- «толық сәйкес» -1 педагог, 14%
- «көп дәрежеде сәйкес» - 3 педагог, 44%
- «ішінара сәйкес» - 1 педагог, 14%
- «аз дәрежеде сәйкес» - 1 педагог, 14%
- «сәйкес емес» - 1 педагог, 14% көрсетті.




2.65-сурет

Оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың сипаттамасы бағытындағы барлық параметрлер бойынша иллюстрациялық материалдардың арақатынасы, эстетикалығы, оңтайлығы сақталғанымен, талаптар толық орындалмаған. Педагогтер пікірі негізінде аталған критерийлердің жеткілікті деңгейде қарастырылмағандығы анықталды. Барлық параметрлер бойынша «сәйкес емес» деген сантта бағалау көрсетілді.

Дәл осындай талдау **EduStream Просвещение** баспасы, «**Le français**» оқулығына да жүргізілді. Талдау нәтижесі респонденттер пікірінің әр түрлі екенін көрсетті. Педагогтер жауабы төмендегідей көрініс тапты:

- мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы параметрі бойынша Ақтөбе облысының және Шымкент қаласының педагогтері 4 баллмен, яғни «көп дәрежеде сәйкес» деп, Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері 3 баллмен, яғни «ішінара сәйкес» деп, Жамбыл облысының педагогтері 2 баллмен, яғни «аз дәрежеде сәйкес» деп көрсетті;



2.66-сурет

-иллюстрациялық материалдың эстетикалығы параметрі бойынша Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері көп дәрежеде сәйкестікті, Шымкент қаласының педагогтері ішінара сәйкестікті және Жамбыл облысының педагогтері аз дәрежеде сәйкестікті 1 респондент көрсетті;


- иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлығы параметрі бойынша Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері көп дәрежеде сәйкестікті, Ақтөбе облысының және Шымкент қаласының педагогтері ішінара сәйкестікті, Жамбыл облысының педагогтері аз дәрежеде сәйкестікті көрсетті;

- қызығушылықтарын арттыруда иллюстрациялардың ықпал етуі параметрлері бойынша Солтүстік Қазақстан облысының педагогтері толық сәйкестікті, Ақтөбе облысының және Шымкент қаласының педагогтері ішінара сәйкестікті, Жамбыл облысының педагогтері аз дәрежеде сәйкестікті көрсетті (2.66-сурет).

2.66-суреттен барлық параметр бойынша сәйкестіктің аз екендігін растайтын бағаны көруге болады. Респонденттердің 25% төмен баға берген. Бұл фактіге оқулық авторларына назар аудару қажет. Демек, барлық иллюстрациялар мәтінмен сәйкес келмейді, эстетикалық көрінеді, иллюстрациялардың көлемі әрдайым оңтайлы емес, олар пәнге деген қызығушылықтың артуына ықпал етпейді деген пікір қалыптастырады.

Оқулықтың иллюстративті материалын салыстыру сипаттамасы

Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың арақатынасы



2.68-сурет

Оқулықтың иллюстрациялық материалдарға қойылған талаптарға сәйкестігі орташа есеппен:

- Hachette баспасы, «Les loustics» оқулығы - 51%;
- EduStream Просвещение баспасы, «Le français» оқулығы - 38%;

Орташа бағалау жалпы екі оқулықта да айтарлықтай төмен, сондықтан оқулық авторлаынар бұл көрсеткішке назар аударуы қажет деген тұжырым шығады.

Жазбаша ғылыми сөйлеу тілінің ең тән ерекшелігі материалды баяндаудың формальды-логикалық тәсілі болып табылады. Бұл сөйлеу құралдарының барлық жүйесінде өз өрнегін табады. Ғылыми баяндау, негізінен, мақсаты ақиқат фактілерін зерттеу нәтижесінде анықталған ақиқатты дәлелдеу болып табылатын пайымдаулардан тұрады.

Оқулық мәтініне мағыналық аяқталуы, тұтастығы және байланыстылығы тән. Логикалық байланыстарды білдірудің маңызды құралы бұл жерде ойдың даму дәйектілігін, қарама-қайшы қарым-қатынастарды, себеп-салдарлық қатынастарды, бір ойдан екіншісіне ауысуды, қорытындыны, бекітуді көрсететін арнайы функционалдық-синтаксистік байланыс құралдары болып табылады.

1-сыныптарда «Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндері оқулықтары апробациясының мониторингінің тағы бір маңызды бағыты **«Оқу материалын баяндау тілі мен стилі»**. Оқулық баяндау тілі мен стилі өте маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Функциональдық стильдің бір түрі - ғылыми стиль. Ғылыми стильге ғылымның әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер кіреді. Белгілі бір ғылыми еңбектің зерттеу нысаны болған зат немесе құбылыс ғылыми негізделіп, сипаттауды, дәлелдеуді қажет етеді. Ал негіздеу ғылыми сипаттау, ойлау арқылы жүзеге асады. Дұрыс ойлап, пікірдің дұрыстығын

дәлелдеу, әрине, логикаға (қисын) тікелей байланысты. Логикалық жүйелі ой қорытындысы - ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми еңбек сол ғылым саласының белгілі бір заңдарына, қағидаларына бағынады, ал оған негізделген ой қорытындысы нақты, жүйелі әрі қисынды болады. Жазба стильдің басқа түрлері сияқты ғылыми стиль де жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, әрине, өзіндік ерекшеліктері бар.

Ғылыми стильге ғылымының әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер кіреді. Логикалық жүйелі ой қорытындысы – ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми стиль түрлері: таза ғылыми стиль, ғылыми-оқулық стилі, ғылыми көпшілік стиль. Ғылыми стильдің мазмұндық белгілері: нақтылық, объективтілік, қисындылық. Терминдер – ғылым мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Терминдер салалық, салааралық және жалпы ғылыми болып қарастырылады. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – терминдер. Ғылыми стиль – жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын – зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, сүйену қажет. Сондықтан, ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі болады.

Стильдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы, тіл білімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т.б. физикада анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т. б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басып, дамып отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөз – неологизмдер туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологизмдердің өмірінің ұзақ, қысқа болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты.

Оқулық ғылыми тұрғыдан нақтыланған, оқу процесінде пайдалануға қолайлы, жас ерекшеліктеріне байланысты түсінікті болуы керек. Осы мәселелерді ескере отырып, баяндау тілі мен стилі бағыты екі негізгі критерий бойынша талданды:

- Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі;
- Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы.


Hachette баспасы, «**Les loustics**» оқулығын 7 респондент пайдаланған. Педагогтер оқулықтың баяндау тілі мен стилін 1-5 балл аралығында

бағалаған. Берілген балл сәйкесінше 4 санатқа жіктелді, яғни:

- ✓ «толық сәйкес» - 5 балл;
- ✓ «көп дәрежеде сәйкес» - 4балл;
- ✓ «ішінара сәйкес» - 3 балл;
- ✓ «аз дәрежеде сәйкес» - 2 балл;
- ✓ «сәйкес емес» - 1 балл.

Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі критерийі бойынша 2 педагог «толық», 3 педагог «ішінара» және 1 педагог «аз дәрежеде» сәйкестікті көрсетсе, 1 педагог «сәйкес емес» деп көрсетті.

Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы критерийі бойынша 1 педагог «толық», 1 педагог «көп дәрежеде», 1 педагог «ішінара» және 3 педагог «аз дәрежеде» сәйкестікті, сондай-ақ 1 педагог «сәйкес емес» деп көрсетті (2.70-сурет).




2.70-сурет

2.70-суреттен ең жоғары көрсеткіш баяндау тілінің сауаттылығы бойынша жалпы оң баға 29%, ал анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы бойынша 14% құрайтынын көруге болады.

Респонденттердің жартысы яғни 43% терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық-әдістемелік аппарат оқулықта аз деңгейде берілетіні туралы атап өтті.

EduStream Просвещение баспасы, «**Le français**» оқулығын барлығы 4 респондент бағалады. Оқу материалының баяндалу тілі мен стилі педагогтер тарапынан жақсы бағаға ие болмады. Берген бағалары 4, 3 және 2 деген баллдармен сипатталды. Жауаптары ішінара, көп дәрежеде сәйкес және аз дәрежеде сәйкес деген санттарға жіктеледі.

Баяндау тілінің сауаттылығы мен қол жетімділігі критерийлері бойынша 1 респондент көп дәрежеде сәйкес, 2 респондент ішінара сәйкес, 1 респондент аз дәрежеде сәйкес деп бағалаған (2.71-сурет).





2.71-сурет

Терминдер мен ұғымдардың мәнін ашуға мүмкіндік беретін анықтамалық әдістемелік аппараттың болуы критерийлері бойынша 3 респондент ішінара сәйкес деп және 1 респондент аз дәрежеде сәйкес деп баға берген.

2.71-суреттен педагогтердің бағасы екі параметр бойынша да талаптардың орындалуы ішінара жүзеге асырылғандығын куәландырады. Бұл параметрлер бойынша жалпы оң баға 50%/75% құрады.

Барлық екі оқулық бойынша оқу материалын мазмұндау тілі мен стилін бағалау бойынша респонденттердің жауаптарын салыстыра отырып, респонденттер осы бағытты бағалауға жауапкершілікпен қарағаны туралы **қорытынды** жасауға болады. Оқулықтардың салыстырмалы көрінісі 2.72-суретте ұсынылған.





2.72-сурет

Сонымен қорыта келгенде жоғарыда оқулықтардың құрылымы мен мазмұнын, оқулықтардың мазмұнының әдістемелік жағын, иллюстрациялық материалды, әр апробация бағыты бойынша жеке-жеке оқулықтарға оқу материалын баяндау тілі мен стилін талдау қарастырылды. Салыстырмалы сипаттамалар респонденттердің пікірлері бойынша анықталады, олардың ішінен талаптарға сәйкес келетін оқулық таңдалып алынады. Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарға сәйкестігін анықтау үшін талдау педагогтердің бағаларынан «толығымен сәйкес келеді» және «көп дәрежеде сәйкес келеді» деген жауаптары негізінде жасалды. Оқулықтардың қойылатын талаптарға сәйкестігінің графикалық бейнесі 2.73-суретте көрсетілген.


Оқулықтарды бағалау бойынша әрбір критерияны талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

✓ оқулықтың құрылымы мен мазмұны бойынша респонденттер **EduStream Просвещение** баспасы, «**Le français**» оқулығына артықшылық береді (50% педагог оң баға берген).

✓ оқу материалының әдістемелік жағынан артықшылығы **EduStream Просвещение** баспасы, «**Le français**» оқулығын көрсетті (50% оң пікірлер)

✓ иллюстративті материал бағыты бойынша **Hachette** баспасы, «**Les loustics**» оқулығы көрсетілген талаптарға сәйкес келеді (51% респондент оң баға берген).

✓ оқу материалын баяндау тілі мен стилі бағыты бойынша екі оқулық та оң бағаланып, 50%



«Ioustics» оқулығы	оқулығы
Оқу материалын баяндау тілі мен стилі	
50%	50%
Hachette баспасы, «Les Ioustics» оқулығы	EduStream Просвещение баспасы, «Le français» оқулығы
Оқулықтың жалпы сипаттамасы	
46%	47%
Hachette баспасы, «Les Ioustics» оқулығы	EduStream Просвещение баспасы, «Le français» оқулығы

2.73-сурет

Оқулықтардың жалпы сипаттамасы барлық бағыттар мен өлшемдер бойынша бағалаудың *теріс үрдісін* көрсетті.

Оқулықтардың апробациясы жоғары емес нәтижелерін көрсетеді. Бірақ респонденттер оқулықтың білім алушылар оқулықтан басқа ОӘК-нің басқа компоненттерін (жұмыс дәптерін, аудиодискіні) өз бетінше пайдалана алатындай етіп құрылғанын атап өтті. Осы оқулықтың сөзсіз артықшылығы оның тәрбиелік аспектісі болып табылады: оқулықтардың алғашқы беттері оқушыларды неміс тілін оқытудың мақсаттарымен, оқулықтардың кейіпкерлерімен таныстырады, Германия мен Қазақстан, қала және ел картасы туралы алғашқы мәліметтерді алады. Жаңа оқу пәнін оқытуға тиісті көңіл бөлінеді, оқушылардың қызығушылығын және мотивациясын оятады. Бастауыш сынып оқушылары абстракттілі ойлау қабілетіне ие болғандықтан, оларға көрнекілік қажет.

2.5 Оқу-әдістемелік кешендердің талдауы

Әдістемелік нұсқау – қандай да болмасын тақырыпты зерттеудің, сабақ және іс-шара өткізудің тәртібін, логикасы мен ерекшелігін айқындайтын әдістемелік материал түрі. Әдістемелік нұсқауда жүзеге асатын іс-шараның сабақтастығына ғана емес (әдістемелік жұмыстағы секілді), жағымды тәжірибе негізінде туындаған бір немесе бірнеше жекеше әдістемені дәріптеуге ерекше көңіл бөлінеді. Әдістемелік ұсыныстардың міндеті – іс-әрекеттің (оның ішінде іс-шараның) нақты бір түріне қолдануға болатын тәсіл үлгілерін, ерекше тиімді нұсқасын насихаттау. Әдістемелік ұсыныстарда міндетті түрде бір немесе бірнеше нақты іс-шараны ұйымдастыру және өткізу туралы ұсынылып отырған әдістемені іс жүзінде сипаттайтын нұсқау беріледі.

Ұйымдастыру мәселелерін шешу жөніндегі әдістемелік нұсқау. Оның үлгі болатын нұсқаулары: қалай жасартуға болады, қиындық тудыруы мүмкін қандай жайттарды ерекше назарда ұстау қажет, техникалық және т.б. қандай құралдары пайдаланған жөн және т.б. мәселелер бойынша кеңесіп шешу. Ұсыныстар нәтижесінің келешегін болжайды: қандай міндеттерді шешуге көмегі тиеді, қатысушыларға қандай нақты әсер етеді, неге үйретеді. Мұнда біліктілігін пысықтайтын, қалаыптасқан дағдысын дамытатын басқа да жұмыс түрлері қысқаша тізбектеліп беріледі. Әдістемелік нұсқауда берілген тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі, осы жұмысты

дайындау барысында пайдаланған әдебиеттер тізімі, сондай-ақ автордың аты, тегі, әкесінің аты, жазылған мерзімі; білім ұйымының Әдістемелік кеңесі, мамандар тобы және т.б. берген ішкі сараптама көрсетіледі.

Әдістемелік ұсыным – әдістемелік өнімнің кешенді түрі, жекелеген бұқаралық іс-шараларды, әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізуді жоспарлау жөніндегі ұсыныстарды, сценарий, баяндама, көрме және т.б. жоспарларын қамтиды. Ұсынылған материалдың теориялық идеясы мен практикалық мүмкіндіктерін толықтай жақсы түсінуге септігін тигізеді.

Әдістемелік құрал – әдістемелік материалдың кешенді түрі, ол қандай да болмасын оқыту курсының немесе балаларға қосымша білім беру бағытының айрықша ерекшелігі мен әдісін, мәнін көрсететін жүйеленген материалды қамтиды. Әдістемелік құрал, ережеге сәйкес, теориялық материалдан өзге иллюстрация, сызба, диаграмма, сурет, сондай-ақ берілген тақырыпқа сай жасалған құжаттар үлгісі түрінде кеңейтілген дидактикалық материалды да көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы – педагогтың қызмет мақсатымен, шартымен, ресурстық жабдықталуымен, арнайы мазмұнымен, әдістерімен және технологиясымен кепілдендірілген оң нәтижеге жететін тұжырымдамасын айқындайтын нормативтік құжат. Бұл – білім алушының жеке білім алу бағыты, одан өте келе ол, бағдарламаны әзірлеген педагог болжағандай, тәрбиеліліктің, білімділіктің қандай да болмасын бір деңгейіне көтеріледі.

Жұмыс дәптері – ерекше дидактикалық аппаратты иеленген білім алушының пәнді меңгеру барысында өз бетінше атқарған жұмысына ықпал ететін оқу құралы.

Әдістемелік материалдың ең көп тараған және кеңірек пайдаланатын түрлерінің бірі әдістемелік нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік нұсқаулар – оқыту және тәрбиелеудің едәуір тиімдірек әдістері мен түрлерін практикаға ендіруге ықпал ететін, ұсыныстар мен нұсқаулардың қысқа әрі нақты кешенін құрайтын әдістемелік басылым.

Әдістемелік нұсқаулар педагогикалық кадрларға нәтижелі педагогикалық тәжірибе мен ғылым жетістіктеріне негізделген шешімдерді жүзеге асыруға көмектесуге арналған, мұнда аталған педагогикалық ұжымның, педагогтың іс-әрекетінің ерекшелігі және жағдайы ескеріледі.

Әдістемелік нұсқаулар педагогтердің тәжірибесімен танысу, жинақтау немесе жүргізілген зерттеу қорытындысы негізінде тұжырымдалған бір немесе бірнеше жеке әдістемелік мәнін ашады. Олардың міндеті – белгілі бір топқа немесе іс-шараға (тәрбие ісі) едәуір тиімді, өнімдік нұсқауларды, әрекет үлгілерін ұсыну.

Әдістемелік нұсқауларда міндетті түрде әдісті іс-жүзінде айқындайтын бір немесе бірнеше нақты іс шараны дайындау және өткізу жөнінде нұсқау беріледі. Әдістемелік нұсқаулар қандай да болмасын тақырыпты, сабақ жүргізуді, іс шараны өткізудің ретін, логикасын және ерекшелігін анықтайтын ерекше үлгімен құрылған ақпаратты көрсетеді.

Әдістемелік нұсқаулардың кімге ұсынылатыны нақты көрсетілуі тиіс (педагогтерге, ата-аналарға, педагог ұйымдастырушыларға, сынып жетекшілеріне және т.б.) Осыған сәйкес қолданылатын әдістемелік нұсқаулардың терминологиясы, стилі, көлемі шектеледі.

Әдістемелік нұсқауларды дайындау жұмысында педагог бүкіл мазмұнын нақты мақсатына бағындыра алуы тиіс; ұсыныстың кімге арналғанын міндетті түрде көрсетуі тиіс; білім алушылар бірлестіктерінің нақты бір бөлігінің жұмысын жасарту үшін қандай алдыңғы педагогикалық технологияны қолдану жайлы ұсыныстар беріледі. Егер мәселе озат тәжірибені жинақтау болса, онда білім алушылар бірлестігіндегі немесе тұтастай мекемедегі оқу үдерісінде жетістіктерге жетудің қандай әдістемелік тәсілі мен құрамын қолдану қажеттігін көрсету қажет.

Әдістемелік нұсқауларды жазуға дайындық келесі кезеңдерді қамтиды:

- өзекті тақырыпты таңдап алу;
- таңдап алған тақырып бойынша әдебиет көздерін оқып-үйрену;
- жоспар құру;
- нақты материалдарды жинақтау;
- дайындалатын ережелер мен нұсқауларды негіздеу үшін неғұрлым тиімді, тиесілі фактілерді іріктеу;
- жұмыс мазмұнын бөлімдер бойынша бөлу.

Әдістемелік ұсыным – бұл оқытудың түрін, құралын және әдістерін, нақты сабақ тақырыбына, оқу бағдарламаларына толық курсты оқытуға қолданатын заманауи педагогикалық технологиялардың элементтерін немесе оқыту мен тәрбиелеу технологиясының өзін анықтайтын құрал.

Әдістемелік ұсыным – оқу сабағын, іс-шараны өткізу ретін логикалық құру және толығымен баяндау. Әрекет барысын тізбектей баяндау, сонымен қатар оның мақсатын, нәтижеге жету құралдарын, күтілетін нәтижелерін қамтиды және тиесілі әдістемелік кеңеспен жалғасады.

Әдістемелік ұсынымда қандай да болмасын іс-шараны өткізу жөнінде нақты материалдар беріледі, әдістемелік кеңестер және нұсқаулармен үйлеседі.

Әдістемелік ұсыным және жұмыс болуы да мүмкін. Ол педагогтердің кәсіби-педагогикалық жағынан немесе жекленген бағыттар бойынша даярлағының сапасын жетілдіруге бағытталады.

ОӘК-әрбір заттың мазмұнын, көлемін және қамтамасыз етілу деңгейін анықтау үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығы.

ОӘК мақсаты-пән мазмұны мен пәнаралық байланысты пысықтау, білім сапасын арттыру арқылы білім алушыларды оқыту жүйесін қамтамасыз ету.

ОӘК міндеттері:

- ғылым, өндіріс, IT технологиялар жетістіктерін ескере отырып, негізгі білім беру бағдарламасын меңгеруді ұйымдастыру және мазмұнын жүйелеу;
- білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;

- білім алушылардың білім сапасы мен тиімділігін арттыру;
- білім алушыларға оқу материалын меңгеруде әдістемелік көмек көрсету;
- білім алушылардың білімін бақылау және өзіндік оқу жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдеріне Педагогикалық шеберлікті жетілдіруде көмек көрсету.

Ең алдымен, әрбір оқулық бойынша ОӘК-ның болуы анықталды, оған әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері және CD-диск кіреді. Бұл қосымша кешендерді барлық педагогтер алмаған.

Оқу-әдістемелік кешендер респонденттермен оларға қойылатын әдістемелік басшылыққа және жұмыс дәптеріне қойылатын талаптарға сәйкес бағаланды.

Әдістемелік басшылыққа қойылатын талаптар:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы;
- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстардың болуы;
- үй тапсырмаларын орындау бойынша практикалық ұсыныстардың болуы.

Жұмыс дәптеріне қойылатын талаптар:

- оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі;
- әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығулардың, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға тапсырмалардың болуы;
- сұрақтар, тапсырмалар, есептер, мәтіндерді таңдауда қателердің болмауы (қолайлылық, дұрыстылық).


